zangazet@mail.ru

№64 (3389) 13 тамыз 2021

ЗАҢ газеті

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

МЕКТЕП ШАҚЫРАДЫ!

Алдағы қыркүйектен бастап қазақстандық білім жүйесі оффлайн режимге қайта оралатын болды. Пандемия басталғаннан онлайндық оқу жүйесіне көшіп, екі жылға жуық үй жағдайында қашықтан оқыған балалар үшін қуанышты жаңалық. Бұл жаңалықты көпшілікке ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов хабарлады. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемесі негізінде дайындалған «Әліппенің» оқу бағдарламасына қайтадан енгізілуі қуанышты еселеді. Алдағы оқу жылында бірінші сынып оқушылары «Сауат ашу» пәнінің орнына «Әліппе» мен «Ана тілін» оқиды. «Әліппе» жақында Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартпен өзгерістер енгізіліп, Әділет министрлігінде тіркеуден өтті. «Бірінші сынып оқушылары оқу жылының бастапқы екі тоқсанында «Әліппені» оқыса, қалған екі тоқсанда «Ана тілі» пәнін оқиды. Сәйкесінше, орыс тілінде немесе басқа тілдерде білім алатын сыныптарда «Букварь» мен «Обучение грамоте» пәндері жүргізіледі», – деді Асхат Аймағамбетов.

(Соңы 3-бетте)

ЖАЙЫЛЫМДЫҚ ЖЕРЛЕР ӨРТКЕ ОРАНДЫ

3-бет

ТӨРТ ҚЫЗДЫҢ ТРАГЕДИЯСЫ

8-бет

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Николай НЕГАЙ, Республикалық Психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығының бас директоры:

«АГРЕССИЯ АУРУ ЕМЕС, ОЛ – ҚАРСЫЛЫҚ»

– Николай Анатольевич, әлемді жайлаған індеттің салдары адамдардың жүйкесін жалаңаштап бара жатқандай. Бұл әсіресе, өміріміздің бір бөлшегіне айналған виртуалды байланыста айқын аңғарылады. Әлеуметтік желілерді ашып қалсаң, жамандықтан аман ешкім жоқ. Бір-бірін күстәналап, біреуге тілінің зәрін төккен адамдар. Жанды қарым-қатынаста да осындай дүрдараздықты байқайсың. Тіпті, бауыр еті баласын да аямай соққының астына алып жатқан ата-аналар әрекетін көргенде жаның түршігеді. Осының бәрін адамдардың агрессияға тым бейім болып кетуінің салдары деп тұжырымдайды мамандар. Расында солай ма? Жалпы, агрессия деген не өзі?

– Агрессия ұғымының ауқымы өте кең. Ол нақты дене әрекеті немесе сөзбен бір адамға зиян келтіруді білдіреді. Оның пассивті түрі де бар.

(Соңы 4-бетте)

ЗАУАЛ

АЛДАРКӨСЕНІ ДӘРІПТЕУДІҢ АСТАРЫНДА НЕ ЖАТЫР?

Қылмыс – қоғамдық құбылыс. Қоғамнан тыс өмір сүретін адам жоқ. Ендеше, қоғамның бір мүшесі ретінде қылмысқа, соның ішінде бүгінгі күні өзектілігі мейлінше артып тұрған алаяқтық мәселесіне алаңдайтынымыз рас.

Әсілінде, бүгінгі күні алпыс екі айлалы, «сақалыңды талдап тұрып қолыңа беретін» Алдаркөсе атамыздың қай қылығы үшін дәріптелетінін түсінбей далмыз. Ауыз әдебиетіндегі шабақ аңдыған шортан ауыз осы бір кейіпкердің не үшін насихатталатынын қабылдау қиынға түсіп тұр. Байларды мұқату үшін жаралған, жоқ-жітік, кедейлердің көкейкесті арманынан туындаған, ізгілікті қиялмен сусындалған әйгілі кейіпкердің бейнесін былай қойғанда, бажайлап қарасақ, жыланның аяғын, жынның жалғыз қалған саяғын көрген Алдар атамыздың іс-әрекеттері барып тұрған кәнігі алаяқтың амалдарына дөп келеді десек, артық кетпейміз.

Қылмыстануда кәсіби қылмыс деген түсінік бар. Ол – қылмыстық мінезді қалыптайтын, қылмыстың өзегін құрайтын, қылмыстық жүйе қалыптастыратын бөлшектің бірі ретінде түсіндіріледі. Қылмыскерлер қылмыстың белгілі бір түрін өзінің төл кәсібіне айналдырып, тек соған ғана маманданады. Ежелгі қазақ даласында адамға (тұлғаға) қарсы қылмыс, оның ішінде біреудің малын айдап әкету, бопсалау, кісі өлтіру арқылы меншіктегі мүлікті қорқытып алушылық секілді бірқатар кәсіби қылмыстың түрлері болғандығы аян. Түп-төркінінде пайдакүнемдікті кәсіп еткен қылмыскерлерге, жеке меншікке қарсы қимыл-әрекеттер тән, бұл тарихи қалыптасқан, дәлелдеуді керек етпейтін ақиқат.

Пайдакүнемдікке жататын қылмыстардың дені бес түрге бөлінеді: 1) ұрлық; 2) тонау; 3) қарақшылық; 4) қорқытып алушылық және 5) алаяқтық. Алдакеңнің кәсібі – соңғысы. Ойлап, ойнап айтсақ та расы осы. Құқықтық қоғамда кедейдің де, байдың да заң алдында теңдігі бір. Осы қағидатқа Алдакеңнің әрекеті сыйыспайды-ақ. Қара пияр секілді Алдакең бейнесі соңы бітіп болмайтын сериялдарға түсіріліп, буыны қатпаған, оң-солын танып үлгермеген кейінгі ұрпаққа барынша уағыздалуда. Оның қасында алаңғасар Қожанасыр көкеміз мейлінше адал қайта. Қауын қауынға қарап рең алады десек, балаларымыз Алдарға қарап рең алуы тиіс пе?

(Соңы 2-бетте)

ДӘСТҮРЛІ БІЛІМ БЕРУГЕ ДАЙЫНБЫЗ БА?

ОЙТАЛҚЫ

Пандемия кезінде біресе онлайн, біресе оффлайн, одан қалды, кезекші сыныптарды араластырып оқып жүргенде індет білім сапасына айтарлықтай кері әсер етті. Ал биыл жаңа оқу жылында бүкіл білім жүйесі дәстүрлі оқыту формасына көшпек. Бұл оқушылардың денсаулығына қауіпсіз бе, білім ордалары балаларды қайта қабылдауға дайын ба?

Ғалия ҚАЙДАУЫЛҚЫЗЫ, ҚР білім беру ісінің үздігі:

– Дәстүрлі форматта оқымасқа амалымыз жоқ болып тұр. Өйткені, індет балалардың білім сапасын кері кетірді. Қанша айтқанмен мектепке келіп, партада отырып, ұстаздың алдын көрудің жөні бөлек. Педагогтың балаға білімді сіңірудегі әдістемесі де өзгеше. Смартфонның ар жағында баланың көңілі қайда алаң болып отырғанын түсінбейсің, беретін білімді беріп кетіп қалғаннан кейін әрі қарай оны жетілдіріп, қадағалауға барлық ата-ананың мүмкіндігі жоқ. Мұның бәрі оқушыны жалқау етті, еркіндікке беріліп мектеп бағдарламасын жеткілікті деңгейде игермеуіне әкеліп соқты. Сондықтан мен бәрібір дәстүрлі білім беруді қолдаймын.

Рас, баланың денсаулығы бірінші орында.

Белгібай ШАХМЕТОВ, медицина ғылымының докторы, профессор:

– Қазір біз ғана емес, әлем елдері оқушыларын мектепте оқытуға тырысуда. Өйткені, қашықтан берілген білімнің сапасына көңілдері толмай отыр. Сондықтан біз де дәстүрлі білім форматына көшіп жатырмыз. Қазір екпе салдыруға қарсы көрсетілімі бар қызметкерлерді қоспағанда мемлекеттік білім беру ұйымдарының барлық қызметкері толығымен екпе алды. Сондай-ақ, мектептерде бұқаралық іс шаралар өткізуге тыйым салынған. Яғни таңертең балаларды тексеріп қабылдап алып, сырттан адам кіргізбей, санитарлық шараларын сақтаса дәстүрлі білім беруді жалғастыруға болады деп ойлаймын.

Бірақ медициналық бетпердемен мемлекет тарапынан қаржыландырылып, мектептің кіре берісінде оқушылардың оны ауыстыруын тұрақты қадағалау керек. Әйтпесе, бір оқушы бір масканы бір ай тақса, оның қорғанышы төмендейді.

(Соңы 3-бетте)

ЗАУАЛ

АЛДАРКӨСЕНІ ДӘРІПТЕУДІҢ АСТАРЫНДА НЕ ЖАТЫР?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Айтылмай, жазылмай қалса, ең өкініштісі сол болар деген уәйімшіл ойдың желеуімен Алдаркөсені дәріптеудің астарында жатқан кейбір келіссіз батпан құйрық кілтипандарға ой жүгіртпекпіз келеді.

Қылмыс қай халықта да болған, қоғамның барлық саласына тән әлеуметтік құбылыс. Әсіресе, биліктің саяси, экономикалық тұрғыдағы «сәтсіз» қабылданған шешімдерінен кейін белең алатын бір заңдылық бар. Бұл әр кез болып тұратын табиғи фактор. Өткенді бажайласақ, кеңес мемлекетінің іргесі сөгілгеннен кейін қоғамымызда қылмыс пен ұйымдасқан қылмыс қарқыны күрт өсті. Сол уақыттарда екпіні мен тепкіні қатты қылмыстылықтан кейіндеп қалып қоймау үшін елімізде соттық-құқықтық реформалар тым асығыс жасалып жүргізілді. Соның салдарынан, құқық қорғау органдары мен ұйымдасқан қылмыстың даму қарқыны біркелкі деңгейде болмады, қайта керісінше, қылмыс атаулы «біліктілікпен» мемлекеттік биліктің бүкіл буындарына жегі құрттай дендеп еніп, құқық қорғау органдарының бүкіл күш-құралдарымен, мүмкіндігімен салыстырғанда, көп артықшылығы бар айырмашылықтар тудырды. Бүгінгінің биігінен бағаласақ, кешегі күні құқық қорғау органдары үздіксіз өсу, даму үстіндегі қылмыстылыққа ұзақ уақыт бойына тым әлсіз, мардымсыз қарсы тұрғанын жасырмауымыз қажет. Әлжуаздық танытқанымыз – тарихи факт. «Ауруын жасырған өледі» деген өткір сөз иірімі осындайда айтылса керек. Қазіргі уақыт нақышына қарай қайта өзгертіліп, толықтырылып жатқан құқық саласындағы заңнамалар дені осыған жарқын айғақ бола алады. Осылайша салыстырмалы түрде, аз-кем тарихи шегініс жасауымыздың өзі қылмысқа қарсы күрес жүргізген мемлекеттік қызмет ерекше маңыз алса да, оның кейде аз-кем уақытқа сәтсіздікке ұшырауы да әбден мүмкін дегенді айғақтау ғана.

Керенеу қабылданатын мемлекеттік бюджетпен салыстырғанда, қылмыстың «ортақ қоры» күнбе-күн толтырылып отыратыны белгілі. Жоғарыда Алдарды мысалға алып жатқанымыз бекер емес, бұл ұйымдасқан қылмыстың кезекті бір ұрымтал жүрісі ме, әйтеуір қылмыстылықтың басқа қиырдан – бүйірден келіп тиісуі алаңдататыны анық. Қазіргі қылмыс төңірегіндегі деректер әділетсіздік пен ұрлық-қарлықтың асқынып бара жатқандығын, әсіресе экономикадағы, тұрмыстық қажеттіліктегі алаяқтықтың белең алғандығын айғақтап, бұл көкірегі ояу, көзі ашық әрбір азаматтың жанын жұтаңдатып, жігерін құм қылып, көңілін қонтараздау етері сөзсіз. Біз сөз етіп отырған кешегі Алдардай алаяқтардың ізбасарлары бүгінгі жастар арасында әсіресе жетіп артылады.

Көзапара қиянатқа жақын тұрар жастар көп. Көпке топырақ шашпайық, жастар деп те бөле жармайық десек те, қоғамның даму ауаны осыны әйгілеп тұр. Бүгініміз ертеңіміздің жалғасы десек, кейінгі жастарға қарап келешек бұлыңғырлау ма деген көңілге күдік ұялайды. Бұрын құлын қырда, құндыз суда дейтіндей, бәрі өзінің орын-жүйесімен өрбитін. Қазір құндылықтар ауысты. Жасың өзін жаспын деп сезінбейді. Үлкенге сый-құрметін кәрі Аралдың құрдым суындай азайтқаны қашан. Сымдай тартылып жүрер кейінгі буынның көп жерде есе жіберіп, бекзаттық қалпын жоғалтуын қоғамдағы ақаулықтардан іздеген жөн шығар. Тәрбиенің бәрін мектепте мұғалім боп жүрген қаршадай қыздарға теліп қойды. Олардың тәрбиесінен гөрі, «көшенің тәрбиесі», ұйымдасқан қылмыстың ықпалы басымырақ. Компьютер тілін жетік білетін білімді, дарынды жастарды криминалдық құрылымдар «тіптен алақай» деп өз қатарына қосып алу қалыпты үрдіске айналған. Таңқалудан қалдық. Бұл – тәрбиелік салада кеткен ақау. Жуанның жіңішкерер, жіңішкенің үзілер тұсы.

Балаңды өзің түзет, өзің түзетпесең өмір түзетеді деп жайбарақат жүріп алар заман емес. Мұның өзі күнделікті өмірде, баспасөз бетінде жиі айтылып, тіпті айта-айта әбден жауыр тартқан қарапайым тақырып болғанымен, астарында түйенің қомындай ауыр зіл бар. Қоғам бағытына сараптама жасайтын ғалымдар бүгінгі күні халқымыздың санасында қауіпке қарсы тұру сезімі, аламан дәуірдің алмағайып қиындықтарына орай қайта қалыптасу үдерісі, ұлттық рухтың жаңару кезеңі басталып кетті деп ауыз толтырып қаншама айтса да, бұл кезең, шынтуайтына келгенде, керісінше, өзінің рухани қайнарына немқұрайлы қарайтындардың қарасы көбейген тұс дегіміз келеді.

Қазіргі қазақ жастары астындағы атын алты ай іздейтін кешегі аңқау қазақтың баласы емес, заң, құндылық атаулыны өзіне қарай икемдей бұрып, өңін теріс айналдырып, өзімдікі – өзекте, кісінікі – кезекте дейтіндер. Заманың түлкі болса, тазы боп шалдың кері. «Көл шайқалса, көбігі бетіне шығады, ел шайқалса, тентегі бетіне шығадының» айғағындай. Тойымсыздық нәпсі тудырып, нәпсі иманнан айырған кез. Келіссіз де келеңсіз қағидаттарды берік ұстанатын бүгінгі Алдаркөселерді жасаған қылмыс түріне қарап-ақ анық байқауға болатындай. Арнаулы техникалық құралдарды пайдалану арқылы банкоматтан пластикалық карточканың мұқыл мәліметтерін алуға болатын банкомат төңірегіндегі алаяқтық белең алуда. Үлкен қалаларда интернетті пайдаланып, қалаған тауарын сатып алу әбден жолға қойылған. Әйтсе де, алар заттың ақысы төленсе де, тауардың жоғалып кететінін жиі кездестіріп қалып жүрміз. Осы секілді интернет-дүкендердегі алаяқтық та жолдан қалар емес. Банк төлем картасындағы құпия мәліметтерді алудың түрлі жолдары ойластырылған. Солардың ішінде ең бір кең тараған түрі – алаяқтардың дүкеннің, қонақ үйдің, мейрамхананың, өзге де сауда орталықтарының, ойын-сауық орындарының қызметшілерімен алдын ала келісіп алып қылмыстық әрекетке баратындығы.

Енді бірде скиминг деп аталатын келіссіз-келеңсіз әрекет жасалады. Бұл – төлем картасын арнаулы құрылғы (скимер) арқылы өткізіп, магнит жолағында сақталатын құпияларды оқуға мүмкіндік алу жолы. Осылайша алаяқтар төлем картасының нақты көшірмесін өздеріне түсіріп алады. Оған қажетті соманы көрсетіп, қолын қояды да, ал тауар ақысын төлеуді картаның иесіне қалдырады, яки керегін алған ұтылмайды, шелектің түбін жалаған тұтылады.

Келесі айла-амалдың бірі – криминалдық топтардың өздеріне тиесілі дүкендерін пайдаланатыны. Әдетте мұндай дүкеннің иесі аталмыш топтан емес, көк атты көлденең біреу. Жырынды қу – Остап Бендерден қалған дәстүр. Мұндай сауда нүктелері қарапайым мақсатты ғана көздейді – тұтынушылардың пластикалық картасынан мәліметтерді мейлінше көбірек жинап алу. Алаяқтар ол үшін интернет-сайттарды қолданады. Бұл сайттың қызметін бір ғана рет пайдаланған адам (мәселен бір зат сатып алдың немесе бейнеролик жазып алдың делік) сол сайтты үнемі пайдаланушы болып шыға келеді, ай сайын осы сайтқа ақы төлейтін болады. Ал оны төлемей көр, криминалдық топтарда «әкеңді танытатын» әзірейілдер баршылық. «Еркінен айырылған тірідей өледі» деген сөз осыдан туған-ау, сірә...

«Өлмеген құлға әлі-ақ жаз». Қарапайым қатардағы халыққа алдағы болашаққа үмітпен қарау ғана қалды. Батқан күнге өкінгенше, атар таңды күт демей ме қазақ. Біз де күттік.

Елеужан СЕРІМОВ
ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫ

Қазір құндылықтар ауысты. Жасың өзін жаспын деп сезінбейді. Үлкенге сый-құрметін кәрі Аралдың құрдым суындай азайтқаны қашан. Сымдай тартылып жүрер кейінгі буынның көп жерде есе жіберіп, бекзаттық қалпын жоғалтуын қоғамдағы ақаулықтардан іздеген жөн шығар. Тәрбиенің бәрін мектепте мұғалім боп жүрген қаршадай қыздарға теліп қойды. Олардың тәрбиесінен гөрі, «көшенің тәрбиесі», ұйымдасқан қылмыстың ықпалы басымырақ. Компьютер тілін жетік білетін білімді, дарынды жастарды криминалдық құрылымдар «тіптен алақай» деп өз қатарына қосып алу қалыпты үрдіске айналған. Таңқалудан қалдық. Бұл – тәрбиелік салада кеткен ақаулық.

САРАП

САҚТАНДЫРУ ШАРТТАРЫНАН ТУЫНДАЙТЫН ДАУЛАР

Бүгінде сот тәжірибесінде сақтандыру шарттарынан туындайтын даулар жиі кезедеседі. Мұндай даулар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (ерекше бөлім) мен «Сақтандыру қызметі туралы» заңға сай реттеледі.

Дерек көздеріне сүйенсек, сақтандыру жүйесінің тарихы тереңде екенін аңғару қиын емес. Мәселен, осыдан 3,5 мың жыл бұрын Вавилон патшасы Хаммурапи тасқа қашап сақтандырудың заңды негіздерін бір жүйеге келтірген. Бұл тарихта Хаммурапи заңы деген атаумен қалған. Аталған заң барлығы 282 баптан тұрса, оның 55 бабы сақтандыру жүйесін қамтыған.

Ал, біздің елімізде сақтандыру тұңғыш рет кеңес өкіметі орнағаннан кейін енгізіліп, сақтандыру мемлекеттік іске айналған. Сондай-ақ, сақтандыруды ұйымдастыру, жүргізудің жаңа нысаны Халкомкеңестің «Мемлекеттік мүлікті сақтандыру туралы» 1921 жылғы декретімен жүзеге асырылған екен. Қазақстанда 1926 жылы мемлекеттік сақтандыру ауыл-селода есепке алынған барлық шаруашылықтардың 34%-ын қамтыған. Кейіннен мемлекеттік және кооперативтік кәсіпорындар мен ұйымдардың мүлкін ерікті сақтандыру міндетті сақтандырумен ауыстырылып, қоғамдастырылған сектордың мүлкін сақтандыруды арзандатып, кеңейтуге және оңайлатуға мүмкіндік берген.

Сақтандыру дегеніміз – сақтандыру ұйымдары мен жеке заңды тұлғалар арасындағы, сақтандыру ұйымдарының өздерінің арасындағы жеке және заңды тұлғалардың мүліктік мүдделерін қорғау жөніндегі құқықтық қатынастар болып табылады. Азаматтық кодекстің (ерекше бөлім) 40-тарауы сақтандыру деген атауға ие. Аталған кодекстің 803-бабына сәйкес, сақтандыру шарты бойынша бір тарап сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал екінші тарап сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушыға немесе шартта белгіленген сома шегінде өзінің пайдасына шарт жасалған өзге тұлғаға сақтандыру төлемін төлеуге міндеттенеді. Осы орайда, сақтандыру сақтандыру шарты негізінде жүзеге асатынын атап өткен жөн.

Сақтандыру нысандары: міндеттілік дәрежесі бойынша – ерікті және міндетті, сақтандыру объектісі бойынша – жеке және мүліктік, сақтандыру төлемін жүзеге асыру негіздері бойынша – жинақтаушы және жинақтаушы емес болып табылады. Міндетті сақтандыру – сақтанушының есебінен жүзеге асырылса, ерікті сақтандыру – тараптардың ерік білдіруіне қарай жүзеге асырылады. Ерікті сақтандырудың түрлері, шарттары мен тәртібі тараптардың келісімімен айқындалады. Аталған кодекстің 808-бабына сай, заң актілеріне сәйкес пайдасына міндетті сақтандыру жүзеге асырылуы тиіс болған адам, егер оның сақтандырылмағандығы белгілі болса, осы міндет жүктелген тұлғадан оны сот тәртібімен талап етуге құқылы. Ал заң актілерімен сақтанушы болу міндеті жүктелген тұлға осы кодекстің 806-бабының 5-тармағына сәйкес сақтандыруды жүзеге асыруға міндетті, алайда одан жалтаратын сақтандырушыны заң актілерінде көзделген талаптарда сақтандыру шартын жасауға мәжбүр етуді сот тәртібімен талап етуге құқылы. Сақтанушы ретінде оны жүзеге асыруға міндетті тұлғалардың, сондай-ақ сақтандырушы ретінде іс-қимыл жасауға міндетті сақтандыру ұйымының сақтандырудан жалтаруы заң актілерінде көзделген жауаптылыққа әкеп соқтырады. Адамның өмірі, денсаулығы, еңбекке қабілеттілігі және жеке басына байланысты өзге де мүліктік мүдделерін сақтандыруы жеке сақтандыруға жатса, мүлікті және оған байланысты мүліктік мүдделерді сақтандыру мүліктік сақтандыруға жатады.

Сақтанушының немесе пайда алушының сақтандырылған мүлікті сақтап қалу мүддесі болмаған кезде мүлікті сақтандыруға жасалған шартты сот жарамсыз деп тануы мүмкін. Мүліктік сипаттағы талаптарға сақтандыру төлемін, суброгация тәртібімен немесе кері талап қою тәртібімен өндіріп алу туралы, өсімпұлды өндіріп алу туралы және басқа талаптар жатады. Мүліктік емес сипаттағы талаптарға сақтандырушының сақтандыру төлемін жүргізуден бастартуына шағымдану туралы, сақтандыру жағдайының басталу фактісін тану туралы, сақтандыру шартын заңсыз деп тану туралы және басқа да талаптар жатады. Сақтандыру шарттарынан туындайтын талаптарға жалпы талап қою мерзімі – үш жыл. Бұл мерзім пайда алушыға немесе сақтанушыға оның құқықтарының бұзылғаны – сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту немесе оның мөлшерін азайту туралы шешім қабылдағаны туралы белгілі болған кезден бастап, ал шешім қабылданбаған болса – сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін заңмен немесе шартпен белгіленген мерзім аяқталған сәттен бастап есептеледі. Кері талап тәртібімен сақтандырушының сақтанушыға талап қоюы үшін үш жылғы мерзім сақтандыру төлемі жүзеге асырылған сәттен бастап есептеледі.

Айдарбек ТЛЕНОВ,
Маңғыстау облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының төрағасы

ЖЕГІҚҰРТ

Сыбайлас жемқорлықпен күрес бүгінде көптеген елдер үшін өзекті мәселеге айналып отыр. Соның ішінде біздің еліміз де жемқорлықпен күресті жыл өткен сайын күшейтіп келеді.

САНА ӨЗГЕРМЕЙ, СЫБАЙЛАСТЫҚ ТОҚТАМАЙДЫ

Мәселен еліміздің Қылмыстық кодексіне сай, пара алғандар бас бостандығынан айырылып қоймай, сыйақының 50-80 еселенген сомасын қайтаруы талап етілуде. Сонымен қатар, заң бұзғандар өмір бойы мемлекеттік қызмет атқара алмайды. Пара алған да, пара берген де, парақорлыққа делдал болған да жазасыз қалмайды.

Дүниеге, ақшаға қызығушылық болған жерде бұл қылмыс жалғаса береді. Ал, оны түбегейлі жою үшін әуелі сананы өзгерткен дұрыс. Олай дейтініміз, жемқорлыққа ең жоғары жазаға тағайындаған бір ел болса, ол – Қытай. Мұнда сыбайластыққа жол бергендер өлім жазасына кесіледі. Бірақ, жазаның қаталдығының өзі Қытайдағы жемқорлыққа тыйым сала алмауда. Жыл сайын өлім жазасына кесілгендердің бәрі заңды қатайту арқылы қылмысты тежеуге болмайтынын көрсетеді. Сондықтан жемқорлықпен күрес кешенді түрде жүргізілуі керек.

Мемлекеттік қызметтің беделіне нұқсан келтіріп, қазына қаржысына қол салушыларға тосқауыл қоюда сыбайлас жемқорлық индексі бойынша төменгі нәтижеге ие елдердің тәжірибесін қолданысқа енгізуіміз керек. Мәселен мектептен бастап қылмыстылыққа қарсы сана қалыптастыру сабақтары жүргізілуі керек. Мемлекеттік қызметтің мәртебесін көтеру, мерейін өсіру, беделін арттыру жұмыстары да баста назарда болғаны жөн. Себебі, әрбір бала мектеп партасынан бастап мемлекеттік қызметтің ең қадірлі, ең жауапты орын екенін, олар халықтың қызметшісі екенін ұғынып өсуі керек.

Біздің елімізде жаңа технологияны қолдану арқылы ашықтықты қамтамасыз етудің бастапқы алғышарттары жасалған. Ендігі кезекте жемқорлыққа қарсы иммунитетті мектеп жасынан бастап қалыптастыруға, мемлекеттік қызметтің имиджін көтеруге күш салған жөн. Сонда ғана жазасыз-ақ жемқорлыққа күшті тосқауыл қоюға болады.

Т.РАИСОВ,
Алматы қалалық әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

МЕКТЕП ШАҚЫРАДЫ!

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сонымен, оқушылар жаңа оқу жылынан бастап мектеп партасында білім алады. Ұстаздарға түгел вакцина салдырып, дәстүрлі білім беруді жалғастыру міндеттелді.

Алайда, елде коронавирусқа қатысты жағдай ушығып тұр. Жаңа штамдар пайда болып, қауіпті кесел жұқтырғандар саны өсуде. Алматы қаласының бас санитарлық дәрігері Жандарбек Бекшиннің мәлімдеуінше мектеп оқушылары арасында вирус жұқтыру 22 есеге өскен. «Дельта» штамының ерекшелігі – бұл жастар арасында тез тарауында. Егер мектеп оқушыларын алсақ, оқушылар қазір демалыста болғанына қарамастан, жұқтыру көрсеткіші былтырғымен салыстырғанда 22 есеге өскен. Алматыда бір жасқа дейінгі 200 бала ауыруда. Адамдар көп жиналатын жерлерде, ойын алаңдары, саябақтар және тағы басқа жерлерде ата-ана қырағы болуы керек. Бес жастан асқан балалар маска режимін сақтағаны жөн», – дейді еліміздің бас санитары. Ал еліміздің бас ұстазы Асхат Аймағамбетов «Егер бір сыныпта әлде бір топта коронавируспен ауырған бала шықса, онда дәл сол топ немесе сынып қашықтан оқыту форматына жіберіледі. Денсаулық сақтау министрлігімен келісілген қағидада дәл осындай мәселе қарастырылған», – дейді. Демек, тағы білімнен береке қашатын түрі бар.

Егер былтырғы оқу жылындағы онлайн оқу көңілімізден шыққанда, мұншалықты алаңдамас едік. Қашықтан оқып, білім алып ұлт саулығын бірінші орынға қойып отыра берер едік. Бірақ былтырғы оқу жылында онлайн оқу оқу болмағанын қоғам болып мойындадық.

Жасыратыны жоқ соңғы он жылдықта көп реформа жасалып, онымен қоса қашықтан білім алу оқушылардың білімінің сапасын айтарлықтай төмендетті. Орталықтан шалғай жатқан ауылдың оқушылары тау, тас кезіп ғаламтор жиілігін «қуалап» жүріп білім алса, ғаламторы бар қала оқушыларын да онлайн білім берудің бірыңғай жүйесімен қамтамасыз ете алмадық. Еліміздегі ғаламтор қолжетімді болмағандықтан ақырында whatsapp қосымшасына таңылдық.Whatsapp-пен ұстаздар тапсырмасын жіберіп қойып, оқушылар амандасып жоқ болып, жасырынбақ ойнап жүріп, былтырғы оқу жылын аяқтадық. О баста қашықтан оқытудың бірнеше технологиясын бірден қолданып, ғаламтор арқылы оқыту, телеарналар мен радио арқылы білім беру, шалғай ауылдарда штаттық режимде оқыту, сондай-ақ мектебі жоқ елді мекендерге пошта арқылы оқу материалдарын жіберу секілді қашықтан білім берудің бірнеше нұсқасы қатар айтылғанымен, жеме-жемге келгенде оқушылар қолындағы телефонның қосымшасымен оқу жылын аяқтады.

> ***...біз қашықтан оқуды жатырқап жүргенде талай елдің жекеменшік мектептері өз балаларын қойып, біздің балаларымызды да өздеріне онлайн оқуға тартып жатыр.Соның дәлелі соңғы жылдары елімізде көптеген ата-аналардың балаларын ресейлік білім беру платформаларында қашықтан оқытып жатқаны құпия емес. Оқушы мектеп бітірген кезде қолына Ресейдің аттестатын алады.***

Осы орайда айта кетер жайт, біз қашықтан оқуды жатырқап жүргенде талай елдің жекеменшік мектептері өз балаларын қойып, біздің балаларымызды да өздеріне онлайн оқуға тартып жатыр.Соның дәлелі соңғы жылдары елімізде көптеген ата-аналардың балаларын ресейлік білім беру платформаларында қашықтан оқытып жатқаны құпия емес. Оқушы мектеп бітірген кезде қолына Ресейдің аттестатын алады. Ресей мен біздегі қашықтан білім беру сапасының айырмашылығы пандемия басталған кезде айқын байқалды. Қашықтан білім алу уақытын өз бетінше жоспарлауды қалайтын, жарыстарға жиі баратын спортшы балаларға ыңғайлы болғандықтан елімізде ресейлік мектептің оқушылары да көбейіп келеді. Яғни, онлайн білім беру көптеген елдерге таңсық дүние емес. Осы мәселеге орай Мәжіліс депутаты Ирина Смирнова «Қанша бала Ресей мектептерінде қашықтан оқып жатқанын дәл айту қиын. Ата-аналар бұл мәселені жарияламауға тырысады. Дегенмен, менің ойымша, қазір тек Алматы қаласында ғана мыңнан астам бала ресейлік платформаларда білім алып жатыр. Ал республика бойынша олардың саны тіптен көп. Санап шығу мүмкін емес. Мәселен, Нұр-Сұлтан қаласында көптеген ата-ана балалары өздерінің отбасында, яғни, қашықтан білім алғанын қалайды. Балаларын ресейлік білім беру платформаларында оқытуға ниет білдірген алты жүздей адам кезекте тұр», – деген болатын. Өз еліміздегі дәстүрлі білім беру жүйесіне де, қашықтан оқуға да көңілі толмаған оқушылар басқа елдің мектептерін жағалауда. Олар да білім сапасына кепілдік беріп, жыл сайынғы мектеп бітірген түлектерінің нәтижесімен жарнамасын асыруда.

Ал біз, қашықтан оқуға әлі бейімделе алар емеспіз. Соған қарамастан балалардың басын бәйгеге тігіп, мектепке баруды міндеттеп отырмыз. Ауру жұқтырса, тұтас сынып қайтадан онлайн оқиды. Яғни, уақыт сұранысы қайтадан қашықтан оқуға мәжбүр боламыз. Осы орайда ҚР Білім беру ісінің үздігі Ұлжалғас Есназарова «Біресе теледидар арқылы оқытамыз, біресе ғаламтормен, біресе Zoom, одан Bilimland деп жүріп, ақыры өткен оқу жылын whatsapp қосымшасымен әзер бітірдік. Цифрландыру деп қанша жылдан бері айтып келе жатсақ та, білім саласы өткен жылы онлайн оқуға мүлдем дайын болмады. Енді биыл өршіп бара жатқан індетке қарап,тағы онлайн оқу мүмкіндігімізге күмәнмен қарап отырмыз. Қашықтан оқысақ білім беру жүйесін әр оқушыға қолжетімді етуіміз керек. Былтыр білім қолжетімді болмады, содан балалардың білімінің сапасы төмендеді. Рас, қашықтан оқытудың арнайы әдістемелік нұсқасы болмады. Сондықтан, білім саласы абдырап қалды. Ауылдық мектептердегі педагогтардың ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалану деңгейінің жеткіліксіздігі де, еліміздегі ғаламтор қызметінің төмендігі де бұған кері әсер етті» дейді. Айта берсек балаларымыздың онлайн білімді былтыр ойдағыдай ала алмауына себеп те, сылтау да көп. Басқа елдер онлайн білім беру әдісін жетілдіріп, өздері түгілі шекараның арғы бетіндегі өзге елдердің балаларына білім беруді жолға қойып үлгергенде, біз білім саласына түрлі реформаны тықпалап, ұстаздарымызды білім берудің орнына қағаз жазуға жегіп қойдық. Қысқасы оқушыларымыз түгілі, білім саласының өзі заман сұранысына бейімделе алмады.

Қуаныш ӘБІЛДӘҚЫЗЫ,
«Заң газеті»

АПАТ

ЖАЙЫЛЫМДЫҚ ЖЕРЛЕР ӨРТКЕ ОРАНДЫ

Ақтөбе облысының Әйтеке би ауданында дала өрті жиілеп кетті. Қызыл жалын желмен ұйтқып, бірнеше күн бойы әл берген жоқ. Тілсіз жаудан 15 мың гектар жайылымдық жер жанып кеткен. Мал шығыны да бар.

Қызыл жалын алдымен Әйтеке би ауданының Әйке ауылындағы жайылымдық жерлерді шарпыған. Кейінірек өрт ұйтқыған желдің екпінімен Талдық, Қайрақты ауылдарының тұсындағы жайлауларға ауысқан. Шаруалар тілсіз жауды бірнеше тәуліктен бері өз күштерімен сөндіріп, әлек болды. Алайда өршіген жалын әл бермей, біраз әбігерге салды. «Қонысбай» шаруа қожалығының басшысы Мұрат Сәтмағанбетовтің 8 бас жылқысы от ортасында қалыпты. Басы мен терісі әбден күйген малдың алды өліп жатыр. Бұдан бөлек бір үйір жылқысы үшті-күйлі жоқ.

– Өртпен алысқанымызға бірнеше күн болды. Бір үйір жылқыны, жұмысшыларды басқа жерге көшіріп үлгердік. Аудан, ауыл әкімдігі мен ерікті өрт сөндіру құрылымдары, шаруалар тілсіз жауды сөндіруге барынша тырысты. Оларға артар кінә жоқ. Бірақ сапалақпен, пысылдақпен жүріп, оны сөндіру мүмкін емес. Жел күшейген кезде маңына жолатпайды. Бірнеше жыл бұрын ауыл әкімі мен мектеп мұғалімі дала өртін сөндіріп жүріп, қайтыс болған. Жыл сайын қайталанатын жағдай. Былтыр 28 күн өртпен алыстық. Түнде сөндіреміз, таңертең тағы басталады. Сондықтан бұл мәселені үкіметтік деңгейде шешу керек. Ең болмағанда 2-3 ауылдық округте өрт сөндіру техникасы мен адамдар болуы керек, – дейді ол.

Шаруалар жайылымдық жерлерінің тең жартысы жанып кеткенін айтып, дабыл қағып отыр. Бұған дейін Маңғыстау өңірінде қуаңшылықтан зардап шеккен ағайынға көмек қолын созғандар қыста өзіміз шөпсіз қаламыз ба деп қауіптенеді. Айтуларынша, әр қожалықтан шамамен 12 мың гектар жер жарамсыз болып қалған. Ал өрт шарпыған жайылымның орта есеппен тек 3 жылдан соң қайта қалпына келетінін ескерсек, шаруалардың алаңдайтын жөні бар. Тіпті олар өрттен аман қалған малдары да шаң-тозаңның кесірінен ауруға ұшырай ма деп қорқады. Сол себепті шаруалар облыстан көмек жеткенше кеш болатынын айтып, дала өртінің алдын алу үшін аудан орталықтарынан өрт депосын ашуды сұрайды. Жалпы, жыл басынан бері өңірде 8000 гектар алқапта дала өрті тіркелген. Оның басым бөлігі Хромтау, Әйтеке би, Алға және Мұғалжар аудандарында болған. 9 тамыз күні төтенше жағдайлар департаментіндегілер Әйтеке би ауданының Талдық ауылдық округінің аумағында 5000 гектар алқаптың өртенгенін айтты.

Өртке ТЖД-нен 6 адам, 1 бірлік техника, ерікті өртке қарсы құрылымдарынан 72 адам, 29 бірлік техника және Қарабұтақ орман шаруашылығынан 4 адам мен 1 бірлік техника жұмылдырылды, – дейді облыстық төтенше жағдайлар департаменті басқарма басшысының орынбасары Нұрхат Қалдыбаев.

Айта кетелік, осыдан 4 жыл бұрын Әйтеке би ауданының Сұлукөл ауылында қайғылы жағдай тіркелген еді. Сол кезде дала өртін еріктілер тобымен бірге сөндіруге шыққан ауыл әкімі Батырбек Бірлепесов пен екі ауыл тұрғыны қызыл жалынның ортасында қалып, жан тапсырған. Кейін белгілі болғандай, олардың үстінде оттан қорғайтын арнайы киім болмаған. Қолдарына тек сапалақ пен су бүркетін құрал ғана ұстап шыққан. Ал ілгеріде шаруа қожалығының малшысы бір отар қойымен және 150 бас ірі қара малымен бірге жанып кеткен еді. Осындай қайғылы оқиғалардың қайталануынан қорыққан жұрт мәселені түбегейлі шешіп беруді талап етуде.

Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары Жақсығали Иманқұлов Әйтеке би ауданындағы дала өртіне қатысты түсініктеме берді. Оның айтуынша, барлығы 6 ауылдық округте найзағай түсіп, қызыл жалын тұтанған. Оның бесеуінде тілсіз жау тез арада сөндірілген. Ал Қайрақты селолық округінің маңы тау-тасты болғандықтан, өртті ауыздықтау қиынға соғыпты.

– Өрт 6 тамызда басталған. Қайрақты селолық округі сай-салалы, тау-тасты жерде орналасқан. Сол себепті тілсіз жауды сөндіруге өрт сөндіру бөлімі қызметкерлері мен ерікті өрт сөндіру жасақтарының, мамандар мен техникалардың мүмкіндігі жетпеді. Жұмыс қиындап кетті. 10 тамыз күні таңертең қызыл жалын толықтай ауыздықталды, – деді ол.

Алдын ала мәлімет бойынша, 15 000 гектар жайылымдық жер өртеніп кеткен. «Қонысбай» шаруа қожалығына тиесілі 8 жылқыны күйік шалып, біреуі өлген. Шаруалардың қысқы мал азығы ретінде жиған 1200 түп шөбі түгі қалмай жанып кетіпті. Қазір жергілікті әкімдік қызметкерлері келген шығынның нақты көлемін анықтап жатыр. Жақсығали Иманқұловтың сөзінше, әзірге қызыл жалыннан 4 шаруа қожалығының зардап шеккені анықталып отыр. Оларға жергілікті билік Талдық, Аралтоғай, Қайрақты елді мекендерінің аумағындағы мемлекеттік резервтегі жерлерді жайылымдық және шабындық мақсатта бөліп бермек. Бұған қоса шаруаларға мемлекеттен мал азығына берілетін субсидияны жылдағыдан ерте беруді жоспарлап отыр.

Жансая ЕСМАҒАНБЕТОВА
АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ

ДӘСТҮРЛІ БІЛІМ БЕРУГЕ ДАЙЫНБЫЗ БА?

ОЙТАЛҚЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ғалия ҚАЙДАУЫЛҚЫЗЫ, ҚР білім беру ісінің үздігі:

– Алайда санитарлық қадағалау шараларын сақтай отырып, оқушылардың кіріп шығу есіктерін бөліп, маска мен антисептиктерін орнымен қолданып отырса, жұқтыру көрсеткіші азаяды деп үміттенемін. Жалпы, бұл індет баршамызға санитарлық, тазалық шараларының маңызы зор екенін ұқтырып кетті. Сондықтан балаларымыздың да дәстүрлі форматта оқи жүріп, барынша санитарлық тазалықты сақтау арқылы өз өміріне жауапты екенін түсіне бергені де дұрыс. Осылай біртіндеп індетпен бірге өмір сүруге, уақыты келгенде жеңуге бейімделеміз деп ойлаймын.

Бұдан әрі де баланы қашықтан оқыта берсек, білім сапасы төмендей береді. Ал ондай оқушыдан келешекте мықты маман шықпайды. Сондықтан мемлекеттің екпе арқылы індетті жеңуге, балаларды білімсіз қалдырмауға тырысып жатқанын түсініп, халық та соған ыңғайлануы тиіс. Қазір барынша мектептерде қадағалау шаралары күшейтіліп, оқушылар арасында вирустың таралуының алдын алу жұмыстары күшейтілуде. Осы бағытта жұмыстар сапалы ұйымдастырылса дәстүрлі білімге көшуден қорықпауымыз керек.

Белгібай ШАХМЕТОВ, медицина ғылымының докторы, профессор:

– Барлық білім беру ұйымдары 100% дезинфекциялау құралдарымен қамтамасыз етіліп, оқушылар да екі сағат сайын медициналық маскасын мектеп есебінен ауыстыруы қажет. Егер әр баланың ата-анасы өз баласын маскамен қамтамасыз етуі керек десек, көп ата-ана оны құнттай бермейді, әлеуметтік жағдайы да келмейді. Баласы түгілі, өзі бір масканы бір апта тағатын ата-аналар бар. Осы жағдайлар қатаң сақталса ғана, індет тарала қоймайды. Сосын министрлік барлық нәрсені ашық айтуы қажет. Мәселен «бетперде және антисептикпен қамтамасыз ету ата-ананың міндетіне жүктеледі. Алайда ата-ананың мүмкіндігі болмаса, мектепте бетпердемен қамтамасыз етіледі» дейді. Мұндай жағдайда мектеп жаппай ата-ананың мойнына іле салады. Онсыз да мектептің жөндеу жұмыстарынан бастап, тақтаға жазатын борын, балалардың ішетін суын ата-анаға артып қойған мектептер жетерлік. Осы жағдай қайталанса, балалар арасында қайтадан індет өршіп, үйден оқуға ауысады. Ең қорқыныштысы балалар арасында індет өршіп кетсе тосқауыл қоя алмай қаламыз ба деп қорқамын.

Жалпы, бәрі өзімізге байланысты. Білім министрлігі мен Денсаулық сақтау министрлігі біріге отырып балаларға қолайлы жағдай туғызса, індеттің бетін қайтарып, ұжымдық иммунитет қалыптастырып, білім алуға мүмкіндігіміз бар.

Сауалнаманы дайындаған Қуаныш ӘБІЛДӘҚЫЗЫ, «Заң газеті»

РЕФОРМА

ХАЛЫҚТЫҢ СЕНІМІН АРТТЫРАТЫН ҚҰЖАТ

Сот саласы тәуелсіздік алған кезден бері талай жаңғыртуларды басынан кешірді, көптеген реформаларды сәтті жүзеге асырды. Олардың нәтижесін халық көріп, біліп отыр. Ал шілде айынан бастап қолданысқа енгізілген Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс осы бастамалардың игі жалғасы. Жаңа кодекс жария-құқықтық дауларды қарайтын арнайы соттардың құрылып, мемлекеттік құрылымдар мен азаматтар арасындағы теңдікті қалыптастыруына ықпал етеді. Бүгінде әкімшілік әділет институтын жандандыруға қызмет ететін, азаматтардың мемлекеттік органдардың әрекеті мен әрекетсіздігіне қатысты арыз-шағымдарын түбегейлі шешуге бейімделген жаңа соттар өз жұмысына кірісіп те кетті. Бұған дейін елімізде қылмыстық, азаматтық, әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша сот ісін жүргізудің 3 түрі жұмыс істеген болса, енді төртінші түрі – билік органдарымен дауда әлсіз тарапты қорғауға бағытталған әкімшілік әділет құрылымы іске қосылып отыр.

Кез келген бастама орта жолда қалмай, өміршең болуы үшін бірнеше қадам жасалуы керек. Ең алдымен жобаның қалай жұмыс істейтіні, неге сүйенетіні заңдық тұрғыда нақтылануы міндет. Ал жаңа әкімшілік соттардың бағдар етері – Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі. Бұл құжатта әкімшілік әділеттің жұмысы заңдық тұрғыдан шегеленген. Әр бап, әр тармақ жария-құқықтық дауларды сапалы қарауға негіз болады. Екіншіден, жобаны кімдер жүзеге асырады деген сұрақтың басын ашып алған жөн. Жаңа әкімшілік соттарда жұмыс істейтін судьяларды іріктеуге, олардың біліктілігін арттырып, тәжірибесін шыңдауға көңіл бөлінгені сондықтан. Әкімшілік әділет саласы жақсы дамыған елдердің сот өкілдерін қатыстыра отырып өткізілген дәрістер, әдістемелік сабақтар барша судьялар қауымына пайдалы болғаны талассыз.

Үшіншіден, бастаманың мақсат, міндетін көпшілікке ұғынықты түсіндіре білу, жобаның ел игілігі үшін жасалғанына жұртшылықтың көзін жеткізе білген маңызды. Өйткені, заңның дұрыс жұмыс істеуі халықтың құқықтық сауатына, жаңашылдыққа деген сеніміне тікелей байланысты. Осыны ескере отырып республика судьялары жаңа кодекс дайындалып, қабылданған сәттен бастап тәжірибеге енгізілген тұстың бәрінде ақпараттық, насихат жұмыстарына белсене кірісті. Карантиндік жағдайға орай елмен етене араласудың сәті түспегенімен, көзіқарақты жұрт қазір әлеуметтік желіден, бұқаралық ақпарат құралдарынан өзіне қажетті жаңалықты оқып, танысып отырады. Осыны ескере отырып судьялар өз жазбаларында жаңа кодекстің артықшылығын, маңызды тұстарын таныстыруға, түсіндіруге күш салуда. Мұндай істер нәтижесіз дей алмаймыз.

Жаңа әкімшілік соттар азаматтар мен кәсіпкерлердің әкімшілік органдардың шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) байланысты туындаған дауларын қарайды. Кодексте мемлекеттік органмен дауласқан қарапайым азаматтардың теңдігін сақтап, құқығын әуре-сарсаңсыз қорғаудың барлық мүмкіндігі қарастырылған. Соған орай, енді сотта өз әрекетінің дұрыстығын дәлелдеп, дәлел-дәйек ұсыну міндеті мемлекеттік органға жүктелген. Сондай-ақ, мемлекеттік орган жеке және заңды тұлғаларға қарсы талап арыз бере алмайды. Заңда айшықталғандай әкімшілік органдар дегеніміз тек мемлекеттік органдар емес, оның ішінде жергілікті өзін-өзі басқару органдары, мемлекеттік заңды тұлғалар, адвокаттар алқасы, нотариустар мен сот орындаушылар да бар. Себебі, олардың шығарған актілері де мемлекеттік заң күші бар құжат болып табылады. Яғни, енді азаматтар жоғарыдағы лауазым иелерінің әрекетіне, әрекетсіздігіне қатысты жаңа соттарға шағым түсіріп, өз құқықтарын қорғай алады. Бұдан бөлек, әкімшілік органдардың шешімдерімен, әрекеттері немесе әрекетсіздігімен келтірілген зиянды өндіріп алу туралы азаматтар талабын да әкімшілік соттар қарайды.

Тағы бір жаңашылдық, заң аясында судьяға жаңа өкілеттіктер мен құқықтардың берілуінен туындайды. Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексін қолданған судья азаматтың талап арызын қалыптастыруға, дұрыстауға, әкімшілік процеске қатысушылардың ұсынған дәлелдемелерімен және әкімшілік істің өзге де материалдарымен шектеліп қана қоймай, өз еркімен қажет деп санаған дәлелдемелерді жинауға, әкімшілік істің нақты және заңды тұстарына жататын құқықтық негіздемелер бойынша өзінің алдын ала құқықтық пікірін айтуға құқылы. Мұндай артықшылық істің әділ таразыланып, азаматтардың өзіне ғана емес, сотқа деген сенімін нығайтуға әсер етері анық.

Дархан КЕНТБАЕВ,
Қызылорда облысы
Қармақшы аудандық
сотының төрағасы

ПІКІР

ТӨРЕЛІК АЙТУДЫҢ ОЗЫҚ ҮЛГІСІ

Бүгінде медиация сөзінің мәнін, мақсатын білмейтіндер кемде-кем. Медиацияның кешірімге, мәмілегерлікке шақырып, даукестікті төмендетуге, бітімгершілікке бағытталғаны жалпы жұртқа белгілі.

Дау-жанжалды шешуде қазақтай дипломат, білгір халық аз. Кез келген келіспеушілікті өзара келісіммен түйіндеуді көздеген дала заңдарының даналығы қай халықты болсын қызықтырмай қоймайды. Өйткені, бабаларымыз қашаннан ынтымақты, бір мақсатқа біріккен, берекелі ел болуды мақсат еткен. Ал дауласып, бір-бірімен сөзге келіп, қырық пышақ болған елде татулық пен тыныштық

орнауы мүмкін емес. Сондықтан ел билеген хан да, елді ұйытқан би де ауыл ішін араздықтан алыс ұстаған. Дау туындаса тараптарды шекістіруді емес, бекістіруді, таластыруды емес, татуластыруды көздеген. Міне, сол дала заңынан бастау алған медиацияны қазіргі заманға бейімдеу жұмыстары осыдан он жыл бұрын жасалған еді.

Судьялар одағының V съезіне қатысқан Елбасы Н.Назарбаев сот тәртібімен қаралуға жататын даудамайларды азайту қажеттігіне назар аударып, соттан тыс реттеудің баламалы тетіктерін, соның ішінде бітімгершілік және медиация процедураларын енгізуді тапсырған еді. Нәтижесінде, 2011 жылдың 28 қаңтарында «Медиация туралы» заң қабылданды. Аталған заңның ел өмірінде еркін қолданылып келе жатқанына биыл он жыл толып отыр.

Он жылда не өзгерді? «Медиация туралы» заң осы уақыт ішінде халық сұранысына ие бола алды ма? Шыны керек, алғашқы жылдары медиацияға қызығушылық танытып, медиативтік келісім жасауға ынталылар көп бола қойған жоқ. Дауласқан тараптар татуласуға кеңес берген судьялардың әрекетіне түсінбей қарайтын. Екі жақты бітімге келтірмек болған судья іс қараудан жалтарып тұрғандай, өз жүктемесін азайтуды мақсат етіп отырғандай әсер қалдыратын. Тіпті, медиативтік келісімнің өзін медиаторлардың араласуымен емес, судьяның қатысуымен жасауды қалайтындар көп еді. Заңның артықшылығы мен кемшілігі тәжірибе барысында көрінетіні рас. «Медиация туралы» заңда да солай болды. Көпшіліктің талап-тілегі ескеріле келе кейін заңнамаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, медиацияның құзыреті кеңейе түсті. Осылайша бұрын сотқа дейінгі татуластыру рәсімін кәсіби және кәсіби емес медиаторлар ғана жасайтын болса, жаңа өзгерістерге сай енді дау-шарға бітімгер-судьяның, екі тарап адвокаттарының араласуына заңды тұрғыда жол ашылды.

Бұдан бөлек бүгінде жер-жерлерде ақсақалдар алқасы, Билер кеңесінің жұмысы жанданып, ел ішіндегі дауларды сотқа жеткізбей ауыл ішінде реттеудің тәжірибесі қалыптасып үлгерді. Мұндай игі шара ел ішіндегі бірлік пен берекені арттырып, қарияларды қадірлеуге, сөз тыңдауға, үлкендердің ақылына құлақ түруге үйретері хақ.

Жоғарғы Сот тарапынан да медиацияны дамытуға қатысты іс-шаралар жалғасын тауып келеді. Жоғарғы Сот төрағасы Жақып Асановтың бастамасымен қолға алынған «Сот төрелігінің жеті түйіні» бағдарламасындағы жеті бағыттың бірі осы татуластыру шараларын жетілдіруге бағытталған. Осындай тұрақты қамқорлықтың арқасында медиацияға мән беріп, мәселесін мәмілемеге келумен шешіп жатқандардың көбейгені қуантады.

Е.ЧИНГИСОВ,
Алматы қаласы Медеу
аудандық сотының судьясы

ТАҒЫЛЫМ

АБАЙ – БИ ЖӘНЕ ЗАҢ ШЫҒАРУШЫ

«Қазақстан Республикасындағы мерекелік күндердің тізбесін бекіту туралы» ел Үкіметінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 689 қаулысына сәйкес 10 тамыз – Абай күні болып белгіленді. Бұл елдің ақынға деген сүйіспеншілігі мен құрметінің белгісі.

Абай атамыздың ақындығымен қатар, философ, аудармашы, композитор болғаны жұртшылыққа мәлім. Алайда ақын атамыздың би болғанын, заң жасауға атсалысқанын екінің бірі біле бермеуі мүмкін. Абай атамыздың құқықтан, заңнан ұшқын болғанын өзі дайындап шығарған 73 баптан тұратын «Қарамола ережесі» деп аталатын заң нұсқасынан білуге болады. Бұл құжат Семей облысының Қарамола деген жерінде бес руан елінің билері, сьезінде 1885 жылы мамыр айында қабылданып, бекітілген екен.

Бір ерекшелігі – Қарамола ережесінің қағидалары әлі де өміршең, өйткені, олардың бірқатары тәуелсіз Қазақстанның азаматтық іс жүргізу заңында көрініс табады. Мысалы, Қарамола ережесінің 4-бабына сай, «егер даугер шақырылған уақытында келмесе, сұралмыш дауын бос қалдырады. Сонда жауапкер арыз етсе, билердің ықтияры бойынша жауапкердің шығынын даугерден бұйырып береді. Бірақ даугер ықтиярлы дауын қайтадан сұрамаққа сол дауы билердің тексеруі бойынша жалған шықса, даудың сомасына қарай һәм жауапкердің қадіріне қарай шығынын тартады» делінген.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 279-бабының 6) тармағына сай, сот, егер істі өзінің қатысуынсыз қарауды өтінбеген талап қоюшы екінші шақыру бойынша сотқа келмесе талап қою арызын қараусыз қалдырады. АПК-нің 115-бабының 3-бөлігінің талабына сай, осы кодекстің 279-бабының 6), 8) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша талап қою арызы қараусыз қалдырылған кезде талап қоюшының жұмсаған сот шығыстарын жауапкер өтемейді. Мұндай жағдайда талап қоюшы жауапкерге іс жүргізуге байланысты, оның ішінде дауды сотқа дейін реттеу сатысында оның жұмсаған сот шығындарын өтейді.

Тағы бір мысал, Қарамола ережесінің 5-бабына сай, бір старшын елдің ішінде даугер, жауапкерлердің барша жанжал, сұрау дауларын сол старшын елінің биі бітірмекке міндетті. Бірақ би өзін мынандай жағдайда билік айтудан босатады: егер дауласқан жағынан бірі туысқан жақыны болса, қайсы бірі ата-анасы, бір тума аға-інісі, әкесінің бір тума аға-інісі, жиені, немере баласы және туған құдасы һәм дұшпан, өштес адамдары, қайсы бірінің дұшпандықтары бұрын биге түсісіп, мойнына жаза салынып, анықталған болса, сыйымды болады.

АПК-нің 38-бабының талабына сай, судья, егер ол: осы істі осының алдында қараған кезде медиацияны жүргізген судья, прокурор, куә, сарапшы, маман, аудармашы, консультант, тараптың немесе үшінші тұлғаның өкілі, сот отырысының хатшысы, сот орындаушысы ретінде қатысқан болса; іске қатысатын адамдардың немесе олардың өкілдерінің бірінің туысы, жұбайы (зайыбы) немесе жекжаты болса; істің нәтижесіне жеке өзі, тікелей немесе жанама түрде мүдделі болса не, егер оның бейтараптығына негізді күмән тудыратын өзге де мән-жайлар болса, істі қарауға және шешуге қатыса алмайды және оған қарсылық білдірілуге (өздігінен бас тартуға) тиіс. Істі қарайтын соттың алқалы құрамына өзара туыс, ерлі-зайыптылар немесе жекжаттар болып табылатын судьялар кіре алмайды.

Демек, Қарамола ережесі – дауды қарау кезінде билерден жұрттың бәрінің заң мен сот алдындағы теңдігін қамтамасыз етуді талап еткен айрықша заң болған және қазақтың ежелгі заңдары кертартпа, ескі әдет-ғұрыпқа негізделген деген тұжырымды теріске шығарады.

Алмагүл СҰЛТАНҒАЛИЕВА,
Ақтөбе қаласының
№3 сотының судьясы

КӨЗҚАРАС

ЕЛ ӨМІРІНДЕГІ ЕЛЕУЛІ ОҚИҒА

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі 2020 жылы 29 маусымда қабылданды және ағымдағы жылдың 1 шілдесінен бастап күшіне енді. Жоғарғы Сот пен Әділет министрлігінің білікті заңгерлері шетел және бұрынғы кеңестік мемлекеттердің тәжірибелеріне сүйене отырып жаңа кодекстің негізін қалады. ӘРПК-нің қабылдануы – ел өміріндегі елеулі оқиға.

Кодекс – құқықтық мемлекеттің маңызды атрибуты, азаматтардың барлық сындарлы өтініш-тілектерін жедел әрі тиімді қарастыратын «Халық үніне құлақ асатын мемлекеттің» сенімді тірегі десек те болады. Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі өзара екі байланыс нысандарының қызметін, яғни әкімшілік актіні қабылдау рәсімі мен оны даулау процесін көрсетеді. Кодекс жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау кезінде жеке және заңды тұлғалардың жария құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін толық іске асыруды; жария-құқықтық қатынастарда жеке және қоғамдық мүдделердің теңгеріміне қол жеткізуді; тиімді және бүкпесіз мемлекеттік басқаруды, оның ішінде адамдардың басқару шешімдерін қабылдауға қатысуы арқылы қамтамасыз етуді; жария-құқықтық саладағы заңдылықты нығайтуды көздейді.

Кодекстің тағы бір жаңашылдығы ендігі жерде сотта әкімшілік іс қаралғанда дәлелдемелерді жинақтау міндеті жеке азаматқа немесе бизнеске емес, мемлекеттік органға жүктелетін болады. Заңнамадағы барлық қарама-қайшылықтар мен дүдәмал тұстар азаматтардың мүдделерін ескере отырып, түсіндірілуі тиіс.

Жаңа кодекс бойынша азамат мемлекеттік органның шығарған әкімшілік актісімен келіспейтіні туралы «талап қоюмен» жүгінсе жеткілікті. Сот талап қоюшыға талап қоюды дұрыс толтыруға, формальды қателерді түзетуге, істі дұрыс шешу үшін маңызы бар барлық нақты мән-жайды жан-жақты, толық және объективті түрде зерттеп, өзінің шығарған шешімінің орындалуын бақылайды.

Осы жерде кодекстің жаңашыл қағидаты «соттың белсенді рөлі» қағидаты жұмыс жасайды, яғни сот өз бастамасы немесе әкімшілік процеске қатысушылардың уәжді өтінішхаты бойынша қосымша материалдар мен дәлелдемелер жинайды, сондай-ақ әкімшілік сот ісін жүргізу міндеттерін шешуге бағытталған өзге де әрекеттерді орындайды.

М.БИСЕНБАЕВ,
Қызылорда облысы Әділет
департаментінің сот актілерін
орындау жөніндегі бөлім
басшысы - аға сот орындаушысы

№64 (3389)
13 тамыз 2021
zangazet@mail.ru
ЗАҢ газеті

Николай НЕГАЙ,
Республикалық Психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығының бас директоры:

«АГРЕССИЯ АУРУ ЕМЕС, ОЛ – ҚАРСЫЛЫҚ»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мысалы «мен сенімен сөйлеспеймін» дегеннің өзі агрессияның бір түрі. Агрессия өзгелерге және өзіне қарсылық ретінде көрініс табады. Негізінде агрессия бұл қалыпты жағдай. Ол белгілі бір мақсатқа бағытталып, кейбір жағдайда адамның дамуына көмектескен құралдың бірі бола алады. Адамдар оның көмегімен күнкөрісін тауып, үйін тұрғызып, жеке кеңістігін қорғады. Расында ренжу, қарсы тұру арқылы біз өз талаптарымызды білдіріп, құқымызды қорғап, жетістіктерге жетеміз. Сондықтан агрессия бізге керек. Одан емделудің қажеті жоқ. Бірақ оған бейжай қарауға болмайтын кездер де болады.

– Осы ретте қай кезде агрессияға қарсы күресіп, оны емдеу керек, қай кезде түзеу керек деген сауалдың тууы заңды.

– Иә, агрессияның кейбір түрлеріне мән бермей қоюға болмайды. Соның бірі адамдарға агрессивті болудың ұнауы. Балалардың итті, мысықты қинаудан, үлкендердің қасындағы адамды, балаларын, әйелін жәбірлеп, азаптаудан ләззат алуы мұның бірден-бір мысалы. Осындай адамдармен мамандар дер кезінде жұмыс істеп, олардың агрессиясын пайдалы іске бағыттауы керек. Екіншіден, агрессия қандай да бір эмоционалдық ауытқушылықтың салдары болса, мұндай жағдайда адам өзін ұстай алмай, ақылға сыйымсыз әрекет жасайды да, артынша өкінеді. Сөйтіп, стресске түседі, уайым-қайғыға батады. Бұл емдейтін жағдай. Үшіншіден, баланың елеулі анатомиялық-физиологиялық тұлға болғанда жасайтын әрекеттері.

Жалпы, бала жеткіншек кезінде өте агрессивті болады. Ол көп жағдайда диссонанс түрінде көрініс тауып, бала өзін биологиялық тұрғыдан ересек адам сезінеді. Бұл қандай да бір ауру емес, қалыпты жағдайға жақын сипат. Мысалы, 14 жастағы бала қажеттілігінің 25 жастағы жігіттікіндей болуы. Жеткіншек мұнда ересектерден көріп темекіге, араққа әуестеніп, зиянды әдеттерге бой ұра бастайды. Бұл жерде медициналық емес, негізінен психологиялық коррекция керек. Өйткені, жеткіншектердің ми қабығының өздеріне тән ерекшелігі бар. Олардың бақылау қиынға түсетін ішкі ниетінің көрінісі және психикаға байланысты проблемаларды жоспарлауға, шешім қабылдауға жауапты бас ми қабығының алғашқы бөлігінің қызметіне тәуелді. Жеткіншектерде ол ережеден тыс әрекет етіп, жоғары психикалық функциясымен ерекшеленеді.

Біздің алған ақпараттарымыздың бәрі коркада талданып, қорытындыланады. Ал мидың астыңғы қабаты сыртқы ортамен байланысқа жауап беріп, тыңдау, сезінудің әсерлері сонда көрініс табады. Жеткіншектерде осы байланыс қалыпты емес, тіпті әлсіз. Бұл олардың физиологиялық ерекшелігі. Сондықтан олар кейде үлкендерді тыңдамайды, түсінбейді. Осыны ескеріп, баланың агрессивті әрекеттеріне түсініспікпен қарап, онымен қарым-қатынаста барынша жұмсақ болу керек. Мамандардың көмегін қажет ететін төртінші жағдай – белгілі бір ауру салдарынан немесе арақ ішу, психотропты заттар қолданған кезде туындайтын агрессивті қылық.

– Сіздің әңгімеңізден түйгеніміз, агрессияның жағымды, жағымсыз түрі кездеседі. Оларды адамның өз болмысы десек те, белгілі деңгейде қоғамдағы жағдайдың нәтижесі болуы мүмкін ғой. Жалпы, агрессияға бейімділік ересектер арасында көп пе, балалар арасында көп пе?

– Шетелдерде, сонымен қатар, посткеңестік елдерде осы мәселеге орай бірнеше зерттеу жүргізілді. Сонда посткеңестік елдерде агрессивтіліктің шегі өзге елдермен салыстырғанда жоғары екендігі белгілі болды. Шетелдіктер біздер үшін қалыпты жағдайдың көбіне қарсы. Мысалы олардың ұғымында балаға айқайлау – адамгершілікке, заңға қайшы әрекет. Ал посткеңестік елдерде, соның ішінде бізде бұл қалыпты жайт. Бізде ата-ана баласына не істесе де ерікті саналады. Сондықтан қоғамдық орындарда ата-ананың баласына ұрсып, күш қолдануы ешкімді таңқалдырмайды, қарсылық тудырмайды. Ал шетелдерде міндетті түрде ескерту жасалады.

Көбіне агрессивті қылықтар қоршаған ортадағы ахуалдың жемісі. Әсіресе, балалар мұндай қылықты көбіне айналасынан, үлкендердің өзіне қарым-қатынасынан бойына сіңіреді. Оның үстіне, кішкене бала өзін не үшін ұрып жатқанын, мұндай әрекеттің не үшін қажет болғанын түсінбейді, онда тек ұруға болады және ұру қажет деген ой қалады. Яғни, оларды айқайлап, ұрсып, жазаласа, өскеннен кейін ол бұл қылығын өзгелерге көрсете бастайды. Өйткені, өздері құрмет тұтқан ересектердің әрекеті олар үшін үлгі саналады.

– Яғни, қатыгездік қатыгездікті тудырады дейсіз ғой...

– Иә, бұл шындық. Өйткені, агрессия тақырдан пайда болмайды. Ол қарым- қатынас қатал жерде туындайды. Оның нақты мысалы – әскердегі әлімжеттілік. Онда жас жауынгер аға буын тарапынан қуғынға түсіп, қысымға тап болады. Айтқанды істемесе соққыға жығылып, азапталады. Белгілі уақыт өткеннен кейін ол мұны өзінен кейінгілерге жасайды. Яғни, көрген қорлығы, шеккен азабы көкейде сақталып, оның бәрі келесі буынға төгіледі. Бұл осылай эстафета сияқты қайталанып отыратын жай. Сондықтан, тұтастай қоғам агрессияға нөлдік төзімділік танытып, қарсы тұруы керек. Егер біреу қоғамда өзін агрессивті ұстаса, оған кінәлі оның өзі емес, қоршаған ортасы. Өйткені, оған осылай істеуді көрсеткен. Бұл жердегі себептер одан да терең болуы мүмкін. Соның бір мысалы – фрустрация. Мысалы адамдар кейбір замандастарының бай тұратынын, қымбат көлік мініп жүргенін көргенде және олардың адал еңбекпен емес, ұрлық жолымен келгенін білгенде агрессияға беріледі. Өкінішке орай, қазіргі таңда бай мен кедей болып екіге жарылған қоғамда мұндай агрессияның түрі көбейіп барады. Оның ақыры кейбір адамдардың өзіне қол жұмсауымен немесе ызасын сыртқа шығарып, біреулерге қаскөйлік жасауымен аяқталып жатады.

> ***Үкіметтің екпе жасау ісі әлемдік тәжірибеде анықталған талаптарға сәйкес жүзеге асырылуда. Екпеге қарсылық білдіруге «инфодемияның», яғни, пандемия кезінде шамадан тыс ақпараттың көп болуы және соның ішінде кейбір авторлар тарапынан бұрмаланған, расталмаған деректердің көпшілікке таралуы түрткі болды. Өйткені, екпені міндеттеу мен мәжбүрлеу екі түрлі мәселе.***

– Демек, әділетсіздік те агрессияның туындауына әкелетін фактор болып тұр ғой…

– Иә…

– Агрессивті адамдарды психиатриялық ауруға жатқызуға бола ма?

– Жоғарыда айтып кеткенімдей агрессия патологиялық жағдай емес. Оларды психиатриялық аурулармен қатар қоюға да, салыстыруға да келмейді. Қылмыстың көбі агрессия негізінде пайда болады. Ал психиатриялық аурулар барлық қылмыстың бір ғана пайызын жасайды. Олар өте парасатты, адал адамдар. Олар біреуге жамандық жасаудан қорқады. Бірақ оларда қанағаттанбаушылық сезімі бар. Ал агрессорлар бір нәрсеге жете алмағанға ызалану, біреудің құнды мүлкіне қызығу әсерімен қылмыс жасауға бейім болады. Мұның бәрі психиатриялық тұрғыдан алғанда сау адамға тән қасиеттер. Психологиялық ауытқушылық – агрессивтілік емес.

– Агрессивті адамдарға қалай көмектесуге болады?

– Өмір сүруге кедергі келтіретін агрессиялардан құтылу керек. Оның ішінде өзіне, айналасына зиян келтіретін агрессиялар бар. Оларға көмектің алғашқы қадамы, әрине, психологиялық коррекция жасау. Оған медикаменттің қажеті жоқ, мамандар арнайы әдіс – техникалар арқылы агрессияның себебін тауып, адамды бұл жағдайдан шығарады. Екінші әдісі – оның агрессиясын пайдалы және қажет әрекеттерге бағыттау. Психологиялық ауытқушылыққа байланысты агрессия бойынша дәрігер психиатрға көрініп, арнайы дәрілер қабылдау керек.

– Антиваксерлердің әрекетін де агрессияға жатқызуға бола ма? Олардың мұндай қадамына екпенің басында ерікті түрде болатыны айтылып, кейін оған жасырын түрде мәжбүрлеудің орын алуы себеп болған сияқты.

– Тұтастай алғанда Үкіметтің екпе жасау ісі әлемдік тәжірибеде анықталған талаптарға сәйкес жүзеге асырылуда. Екпеге қарсылық білдіруге «инфодемияның», яғни, пандемия кезінде шамадан тыс ақпараттың көп болуы және соның ішінде кейбір авторлар тарапынан бұрмаланған, расталмаған деректердің көпшілікке таралуы түрткі болды. Өйткені, екпені міндеттеу мен мәжбүрлеу екі түрлі мәселе. Қазір вакцинаға қарсыларды екі топқа бөлуге болады. Бірінші тобы – қорқыныш сезімі өте жоғары адамдар. Олар үшін бәрі қауіпті. Көпшілігі екпенің қалай тез дайындалғанын түсінбегендіктен осындай беймаза күйге түсіп отыр. Соған орай екпенің қандай да бір жағымсыз әсері болады деп қорқады. Мұндай жағдайда оларға екпе әзірлеу технологиясының сексен жылдан астам тәжірибесі барын айтып, түсіндіру керек.

Екінші тобы – қорқынышты нәрселерді ойлап тауып, содан қорқатындар. Оларға дихотомикалық ойлау тән. Мұндай адамдар үшін тек ақ пен қара түс қана бар. Олар да қоңыр, сұр түс, яғни, ортасы, аралық деген ұғым болмайды. Саяси тілмен айтар болсақ, олар тым оңшыл немесе тым солшыл. Міне осындай адамдар жүз пайыз екпе жасауды қаламайды, оған жан-тәнімен қарсы. Егер оларды зорлап егетін болса, одан әрман қарсылық танытады. Үшінші топтағылар – өздеріне сенімсіз адамдар. Олар барлық жауапкершілікті өздері арқаламай, басқа біреудің мойнына жүктей салғанды қалайды. Көбіне конспирологияға қатты сенеді. Қазір мұндай адамдар шиптендіру жайлы қауесетті малданып, барлық кінәні денсаулық сақтау ұйымына, Билл Гейтске, Үкіметке аударып, басын жауапкершіліктен арашалап алуға тырысуда. Сондықтан Үкімет тарапынан екпенің жасалу жолы, технологиясы, пайдасы жайлы жүйелі түрде түсіндіру жұмыстары жүруі керек.

– Қазақстан өзіне-өзі қол салушылар саны жағынан әлемде үшінші орында тұр. Суицидті де агрессияның жемісі дедіңіз, сонымен қатар агрессияның сыртқа және өзіне қарсылық ретінде көрініс табатынын айттыңыз. Жалпы, зерделеп көрдіңіз бе, бұл құбылыстың орын алуына аталған екі фактордың қайсысы көбірек ықпал етеді?

– Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметіне сәйкес, «2019 жылы бүкіл әлемде өз-өзіне қол жұмсау» нәтижесі бойынша Қазақстан бүкіл жер шарында мекендейтін халықтың арасында 20-орында тұр. Өзіне-өзі қол салу қандай жағдайда болмасын адамның өзіне қарсылық. Суицидтің биологиялық, психологиялық, әлеуметтік сипаты бар. Биологиялық фактор қандай да бір созылмалы ауру, адамның өзіне қол салуға генетикасы жағынан бейімділігі, психотроптық заттарды қолдануға жақындығына орай көрініс табады. Психологиялық фактор бұл адамның айналасындағылардың өзіне қатысты әрекеттерін қабылдау деңгейіне қатысты туындайды. Әлеуметтік – ол қоршаған ортаның әсері. Осы үш себеп суицидтің пайда болуына, жалпы агрессияның тууына алып келеді.

Биологиялық себеп – өзіне қол салудың жеңіл жүзеге асуына жол ашады. Өйткені, мұнда биологиялық кедергілер өздігінен жойылады. Жалпы адам индивид, жануар. Жануарлар арасында ешқашанда өзіне-өзі қол салу болмайды. Негізі тірі жан иесінің биологиялық көзқарас тұрғысынан өзін жоюы жаратылыс заңына қайшы. Егер ол қандайда бір аурудан зардап шексе биологиялық кедергі, яғни мұны мен жасамаймын деген шек өзінен-өзі жойылады. Психологиялық себепте – мен бәрін жек көремін, менің арқа сүйейтін ешкімім жоқ деген ұғым суицидке алып келеді. Ал әлеуметтік себепте – мысалы, жақын адамдардың ықыласынан сырт қалу, олармен байланыстың үзілуі өмірден түңілдіріп, өзіне қол салғызады. Осы үш себеп біріккен кезде өзіне қол салуға әрекет жасалады. Мұндай жағдай болмау үшін аталған себептердің орын алуына жол бермеу керек.

Өзіне қол салуға әрекет жасаған адаммен жұмыс істеген кезде биологиялық, психологиялық, әлеуметтік себептер жан-жақты зерттеледі. Оларды айқындау арқылы бұл құбылыстың алдын алуға болады. Аяқ астынан, ойламаған жерден жасалатын суицидтің алдын алу қиын. Олар оқыстан намысына тиген сөз естігенде, жаман хабар алғанда орын алуы мүмкін. Мұндай жағдайда өзіне қол салушылық деңгейі барлық суицидтің 10 пайызын ғана құрайды. Тоқсан пайыз жағдайда бұл келеңсіз құбылыстың алдын алуға болады.

– Уақыт тауып ой бөліскеніңізге рақмет!

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

КЕСЕЛ

ТӘРБИЕЛІ АДАМ ТАҒАЛЫ АТПЕН ТЕҢ

Елбасы Н.Назарбаев «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында елдің мемлекеттілігін нығайту жолындағы стратегиялық маңызды мәселелерді айқындап, қоғам мен мемлекетті түбегейлі қайта өзгертуге, жаңғыртуға бағытталған бес негізгі басымдықты белгілеп берді. Бұл құжатта әсіресе, сыбайлас жемқорлықпен күреске айрықша көңіл бөлінген. Жемқорлық мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін төмендетіп, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіреді. Ең бастысы, сыбайластық қоғамның заң мен әділдікке, билікке деген сеніміне кері әсер етері хақ.

Жасыратыны жоқ, сыбайлас жемқорлықпен күрес бүгінде мемлекеттік маңызы бар түйткілді мәселеге айналды. Өкінішке орай, жеңіл ұшынан жалғасын табатын, бармақ басты, көз қысты әдет әлі де қалмай келеді. Бұл дерт еліміздің дамуына, экономиканың өркендеп өсуіне өрескел кедергі келтіретіні даусыз. Жемқорлық – лауазымды тұлғалар, қоғамдық және саяси қайраткерлер мен мемлекеттік шенеуніктердің өз қызметтерінде сараңдық пен сатқындық танытуы. Мемлекеттік сатып алу, қазына қаржысын талан-таражға салу, дүние-мүлкін, ақша капиталын салық декларациясынан жасырып қалу сияқты мемлекет қалтасына қауіп төндіретін жат қылықтар әлі де орын алуда.

Соған орай, кеселмен күрес бір сәт те саябырсыған емес. Қазақстан Кеңестер одағы кеңістігінде алғаш рет «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заң қабылдады. Одан кейін заманауи талаптар ескеріле отырып 2015 жылы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң қолданысқа енді. Көбінесе жемқорлықтың салдарымен күресуге көңіл аударылып отыр. Бұл күрестің нәтижелі болуы сыбайластықпен бүкіл қоғамның белсене атсалысуына байланысты. Мемлекеттік қызметкердің атына кір келтіретін әрекеттерден әркімнің де аулақ болғаны жөн. Бұндай заңбұзушылыққа қасақана барғандар қатаң жазаға тартылуы керек.

Әрине, ең алдымен бүгінгі бала, ертеңгі мемлекеттік қызметкердің отбасындағы тәлім-тәрбиесі дұрыс болуы маңызды. Тәрбие отбасынан басталады, ата-анасының шаруаны пара беру арқылы шешетінін, не пара алу арқылы өздерінің материалдық жағдайын жақсартып отырғанын көріп өскен бала, бұл жағдайды орынды, яғни солай болуы керек деп түсінеді. Есейгенде ол баладан қандай мемлекеттік қызметкер шығады? Қалтасының қамын ойлайтын шенеунік бола ма, әлде тәуелсіз еліміздің нығаюына, қазіргі жаһандану заманында патриоттық сезімді барынша бойына терең сіңдірген, ел дамуының ұйытқысы болатын нағыз азамат шыға ма? Соңғысы болса ләзім. Сондықтан, әрбір отбасы осы мәселеге аса мән бергені абзал.

Айсұлу АБЫЛОВА,
Шымкент қаласының мамандандырылған
әкімшілік сотының бас маманы

МІНБЕР

КОДЕКС ЖАҢАШЫЛДЫҚТАРЫН ТҮСІНДІРУ МАҢЫЗДЫ

Ел сеніміне ие болу сот қызметінің басты мақсатының бірі. Осы бағыттағы жұмыстарды жүйелі түрде жүргізу үшін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты «Сот жүйесін жаңғырту» бағдарламасын әзірлеп, негізгі мақсат-міндеттер белгіленді. «Сот төрелігінің 7 түйіні» анықталып, оларды шешудің жолдары айқындалды.

Әкімшілік әділет саласы бойынша Герман моделінің негізінде Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі қабылданып, әкімшілік әділет соттарының жаңа жүйесі құрылды. Судьяның осы санаттағы істерді қарау барысындағы белсенділігі арттырылды.

2021 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілген ӘРПК-нің басты тарихи маңызы ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығымен тұспа-тұс келуінде. Кодекс төрт бөлімнен, 29 тараудан және 175 баптан тұрады. Құжат Қазақстан Республикасының заңдарында реттелмеген әкімшілік рәсімдерді жүзеге асыруға байланысты қатынастарды реттейді.

Әкімшілік сот ісін жүргізу соттың белсенді рөлі негізінде жүзеге асырылады. Сот әкімшілік процеске қатысушылардың түсініктемелерімен, арыздарымен, өтінішхаттарымен, олар ұсынған дәлелдермен, дәлелдемелермен және әкімшілік істің өзге де материалдарымен шектеліп қоймай, әкімшілік істі дұрыс шешу үшін маңызы бар барлық нақты мән-жайды жан-жақты, толық және объективті түрде зерттейді. Судья әкімшілік істің нақты және (немесе) заңды тұстарына жататын негіздемелер бойынша өзінің пікірін айтуға құқылы. Сондай-ақ, сот өз бастамасы немесе әкімшілік процеске қатысушылардың уәжді өтінішхаты бойынша қосымша материалдар мен дәлелдемелерді жинайды, әкімшілік сот ісін жүргізу міндеттерін шешуге бағытталған өзге де әрекеттерді орындайды. Арыз иесі және мүдделі тұлға әкімшілік рәсімге қатысушылар болып танылады.

Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдер туралы заңнамасындағы барлық күмәндар, қайшылықтар мен көмескіліктер әкімшілік рәсімге қатысушының пайдасына түсіндіріледі. Әкімшілік рәсімді жүзеге асыру кезінде әкімшілік рәсімге қатысушы ұсынған материалдар, объектілер, құжаттар мен мәліметтер әкімшілік орган, лауазымды адам теріс деп белгілемейінше, анық деп есептеледі. Материалдардың, объектілердің, құжаттар мен мәліметтердің төлнұсқалығына күмән болған кезде – әкімшілік орган, лауазымды адам олардың төлнұсқалығын өзі дербес тексеруге міндетті.

Талап қоюшы, жауапкер, мүдделі тұлға және прокурор әкімшілік процеске қатысушылар болып табылады. Әкімшілік сот ісін жүргізуде өкілдік ету Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің қағидалары бойынша жүзеге асырылады. Осы арқылы кодексте әкімшілік рәсімге қатысушылар мен әкімшілік процеске қатысушылардың құқықтық жағдайлары ажыратылып айқындалған.

Бұл кодекс халық үніне құлақ асатын мемлекеттің негізгі құқықтық құжаты болып табылады. Кодекстің кейбір нормаларына тоқталудағы мақсатымыз оның талаптарын жұртшылыққа кеңінен түсіндіруге атсалысу.

Оралбек БАҚТЫГЕРЕЕВ,
Шалқар аудандық сотының төрағасы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ОҢ ҚАДАМ

Сот жүйесінің ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында жаңадан енгізілген «Төрелік», «Сот кабинеті» сынды бағдарламалар үлкен сұранысқа ие. Жаңа технология әкелген жетістіктер процеске қатысушылардың іс-материалдарымен танысуына, кез келген сот сатысында істі қараудың уақыты мен орны туралы дер кезінде хабар алуына мүмкіндік туғызды. Яғни, қазір істің сотқа түскені, қарауға тағайындалғаны, қаралған күні, басқа да іске қатысты мәліметтер тараптарға СМС хабарламалар арқылы жолданады.

ТАРАПТАРҒА ТАТУЛАСҚАН ТИІМДІ

Бүгінде азаматтық даулардың – неке бұзу, қылмыстық істер бойынша мал ұрлығы, алаяқтық тыйылмай отыр. Соған орай отбасылық сот кеңесі құрылған. Кеңес азаматтық дау-дамайларды шешіп, істі сотқа жеткізбей реттеуге көмектеседі. Соттың міндеті заң жүзінде кінәлінің жазасын анықтау болса, отбасылық сот кеңесінің мақсаты екі жақты татуластырып, азаматтардың мүдделерін аяққа таптамай, керісінше қос тараптың ақ батасын алатындай дәрежеде жұмыс жасауды көздейді.

Біз көбіне сотқа арызын арқалап келген жас жұбайларды райынан қайтаруға тырысамыз. Мақсат – отбасын сақтап қалу. Дегенмен, бұл тұстағы басты мәселе – ажырасу факторын болғызбау. Өйткені, некенің бұзылуы – балалардың әкесіз не анасыз қалуына әкеліп, түптің-түбінде тірі жетім атануына себепші болады. Осы тұста тағы да айта кететін мәселе, себепсіз салдар болмайтыны секілді жас отбасылар әдепкі кезде қиындықтар болатынын да ескерсе дейміз. «Үйлену оңай, үй болу қиын» демекші, ажырасуға тұрмыстық зорлық-зомбылық, ерлі-зайыптылардың бірінің ішімдікке салынуы не жұмыссыз қалуы, жұбайлардың өмірлік көзқарастарының сәйкес келмеуі, материалдық қиындықтар, перзент сүйе алмау тағысын тағы осы секілді проблемалар түрткі болады. Көбіне материалдық жетіспеушілікті көтере алмаған жастар, ақырында түсініспеушілікке барып, шаңырақтарын шайқалтып жатады. Әріге бармай-ақ, өзіміздің өңірдегі көрсеткішке көз жүгіртсек. Мәселен, жыл басынан бері аудандық сотқа 27 арыз түсті. Барлығы некені бұзуға өтініш білдіргендер. Тіпті, олардың басым көпшілігі сот залында ойлануға, татуласуға уақыт та сұрамайтын болып шықты. Мұндай көрсеткіш қорқынышты, әрине. Бірақ, бұл – бұлтартпас шындық, факті. Отбасын сақтап қалуға кеңес беріп, осы айда медиация тәртібімен үш отбасын татуластыруға қолжеткіздік. Осы отбасылардың райынан қайтып, татуласуына себеп болған «Медиация туралы» заң осыдан он жыл бұрын күшіне енген еді. Заңның аясында аузы дуалы ақсақалдардан тұратын билер кеңесі құрылды, нәтижесінде үш отбасының болса да беріктігін сақтап қалуға мүмкіндік туды.

Жалпы, қазір сот саласы уақыт талабына сай жаңа деңгейге көтерілді. Қара қылды қақ жарған кешегі билердің бүгінгі ізбасарлары араздасқан ағайынды татуластыруға, ел бірлігін нығайтуға да өзіндік үлес қосып келеді.

Асылхан МИЗАНБАЕВ,
Жалағаш аудандық сотының төрағасы
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

ӘКІМШІЛІК АКТ

Жария-құқықтық даулар бұған дейін Азаматтық процестік кодекстің 29-тарауымен реттелген. Алайда, аталған дауларды сотта қарау барысында мемлекеттік билік пен азаматтар арасында теңсіздік орын алған еді. Сондықтан, Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында азаматтарымыз жария-құқықтық дауларда билік органдарының шешімдері мен әрекеттеріне қатысты шағым түсіру кезінде көп жағдайда теңсіздік ахуалында қалатынын, олардың мүмкіндіктерін мемлекеттік аппараттың ресурстарымен салыстыруға келмейтінін атап өтті. Сондықтан осындай теңсіздіктерді болдырмау және азаматтардың құқықтары мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында дауларды шешудің ерекше тетігі ретінде әкімшілік әділет құрылымын енгізуді тапсырды.

Мемлекет басшысының жолдауын жүзеге асыру аясында нақты іс-шаралар атқарылып, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс қабылданып, елімізде мамандандырылған әкімшілік соттар құрылды. Қазіргі таңда осы кодекспен реттелетін жария-құқықтық даулар жаңадан құрылған мамандандырылған әкімшілік соттарда қаралуда.

Жалпы, әкімшілік акт түсінігіне кеңінен тоқталар болсақ, әкімшілік акт – Қазақстанның әкімшілік құқығындағы жария-құқықтық қатынастарда әкімшілік орган, лауазымды адам қабылдайтын, белгілі бір тұлғаның немесе жеке-дара айқындалған тұлғалар тобының Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құқықтары мен міндеттерін іске асыратын шешім. Әкімшілік акт жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделері мен бостандықтарының қорғалуына кепіл. ӘРПК шеңберінде әкімшілік акт жазбаша ғана емес, өзге де нысанда қабылдануы мүмкін. Әкімшілік актінің негізгі функциясы – белгілі бір нақты жағдай үшін шығарылған заңды бұйрық негізінде жалпы құқық нормаларын іске асыру. Әкімшілік акт осылайша заңды орындаудың классикалық құралы болып табылады. Ол азаматтың жалпы қабылданған құқықтық нормалардан туындайтын міндеттемелерін, құқықтарын және (немесе) талаптарын нақтылайды және сол арқылы іске асырады.

Әкімшілік орган әкімшілік актіні әкімшілік рәсімге қатысушылардың және (немесе) өкілдердің назарына жеткізуге міндетті, өйткені акт әкімшілік рәсімге қатысушының назарына жеткізілген кезден бастап қолданысқа енгізіледі. Әкімшілік актіні шығара отырып ресми орган өзінің атқарушылық іс-әрекет бостандығын толығымен жоғалтпайды.

Әкімшілік актіге шағымдану тәртібіне келер болсақ, ӘРПК-ге сәйкес әкімшілік органның әрекетіне немесе оны қабылдаудан бас тартуға өтініш беруші жоғары тұрған әкімшілік органға шағым жасауы мүмкін, егер жоғары тұрған орган болмаған жағдайда, сотқа шағым берілуі мүмкін. Кодекстің 96-бабында белгіленген жағдайларды қоспағанда, адамның әкімшілік актіге шағым беруі әкімшілік актінің орындалуын тиісті шешім қабылданғанға дейін тоқтата тұрады. Шағым – әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған әкімшілік органға, лауазымды адамға беріледі. Ол үш жұмыс күнінен кешіктірмей шағымды және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді. Егер үш жұмыс күні ішінде қолайлы әкімшілік акт қабылдаса, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік іс-әрекет жасаса, шағымды қарайтын органға шағымды жібермеуге болады. Ал заңда өзгеше көзделмесе, сотқа дейінгі тәртіп сақталғаннан кейін, яғни, жоғары тұрған органға шағым жасалғаннан кейін оның жауабымен келіспеген жағдайда сотқа жүгінуге жол беріледі. Бұл туралы әкімшілік іс бойынша шешім қабылданған кезде әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын әкімшілік органның әкімшілік рәсімге қатысушысына хабарланады.

Шағымды қарайтын орган әкімшілік актінің күшін жою туралы; әкімшілік актінің күшін жою және жаңа әкімшілік актіні қабылдау туралы; әкімшілік әрекеттің жасалғаны туралы; шағымды қанағаттандырусыз қалдыру туралы; әкімшілік істі әкімшілік актіге, әкімшілік әрекетке (әрекетсіздікке) шағым жасалып отырған лауазымды адамға жіберілген бұзушылықтар мен оларды жою жөніндегі ұсыныстар көрсетіле отырып, әкімшілік рәсімді жүзеге асыру үшін әкімшілік органға жіберу туралы сонымен қатар, шағымды қараусыз қалдыру туралы шешімдердің бірін қабылдайды. Шағым қанағаттандырылмаған жағдайда адам әкімшілік актіге, әкімшілік органның әрекетіне (әрекетсіздігіне) әкімшілік сотқа шағым жасауға құқылы.

Әкімшілік органдардың өтініштерді қарау тәртібін оңайлату мақсатында әкімшілік акт қолайлы және ауыртпалық түсіретін акт болып бөлінеді. Ауыртпалықты әкімшілік акт деп іске асырудан бас тартатын, әкімшілік рәсімге қатысушының құқығын шектейтін, тоқтататын немесе оған міндет жүктейтін, сондай-ақ оның жағдайын өзге де түрде нашарлататын акт түсініледі. Өз кезегінде, әкімшілік рәсімге қатысушының құқығын жүзеге асыратын немесе өзіне жүктелген міндетті тоқтататын, сондай-ақ оның жағдайын басқаша жақсартатын акт қолайлы акт болып табылады.

Қолайлы әкімшілік акт әрдайым жойыла бермейді, тек ӘРПК-нің 84-бабының 6-бөлігінде көзделген жағдайларда ғана жойылады. Егер әкімшілік орган шағым беру рәсімінен тыс әкімшілік актінің күшін жоюға ниет білдірсе, онда ол үшін дәлелді негіз қажет. Бұл заңды күшіне енгенге дейін де, заңды күшіне енгеннен кейін де қолданылады.

ӘРПК-нің 13-бабына сәйкес сенім құқығын қорғау қағидаты әкімшілік органның қабылданған әкімшілік актінің заңды және дәйекті болып табылатындығының кепілі болып табылады. Әкімшілік орган тарапынан жіберілген қате адамға зиян келтіре алмайды.

Әділбек КОШЕНОВ,
Шымкент қаласының мамандандырылған әкімшілік сотының кеңсе меңгерушісі

БРИФИНГ

БИЛЕР КЕҢЕСІ БЕЛСЕНДІ ЖҰМЫС ІСТЕУДЕ

Жамбыл облысы Байзақ аудандық сотында 2021 жылдың 6 айында атқарылған жұмысты қорытындылау бойынша онлайн режимде брифинг өтті.

Аудандық сот төрағасы Е.Тилеубеков шара барысында есепті кезеңдегі жұмыс нәтижелеріне тоқталды. 2021 жылдың 6 айында сотта 425 азаматтық іс, 45 тұлғаға қатысты 35 қылмыстық іс, 271 тұлғаға қатысты 271 әкімшілік іс қаралған. Сонымен қатар, қылмыстық істер бойынша 29 тұлғаға қатысты 27 үкім, азаматтық істер бойынша 253 шешім, әкімшілік істер бойынша 213 тұлғаға қатысты 213 қаулы шығарылған. Билер кеңесінің қатысуымен сотта медиация тәртібінде қысқартылған азаматтық істер саны – 32, әкімшілік істер бойынша – 31, қылмыстық істер бойынша – 1 іс.

Сондай-ақ, Е.Тилеубеков Байзақ аудандық сотының 2021 жылдың 6 айында БАҚ-пен бірігіп атқарған іс-шараларына тоқталып, осы уақыт аралығында жергілікті және республикалық газет беттерінде барлығы 42 мақала жарияланғанын алға тартты.

Сонымен қатар, төрағалық етуші 2021 жылы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілген Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің жаңашылдықтарын сөз етті. Кодексте пайдаланылатын негізгі ұғымдардың мазмұнын түсіндіріп, соттың белсенді рөліне назар аударды.

Брифинг соңында Е.Тилеубеков аудандық «Ауыл жаңалығы – Сельская новь» газетінің бас редакторының барлық сұрақтарына жауап берді.

Өз тілшіміз

ТҮЙТКІЛ

МЕМЛЕКЕТТІ ҚҰРАУШЫ ҰЛТҚА МӘРТЕБЕ КЕРЕК ПЕ?

Әлемде биыл 9 тамызда 27-рет Халықаралық байырғы халықтар күні деген ерекше мереке өтеді. Алайда БҰҰ Бас Ассамблеясының 1994 жылғы 23 желтоқсандағы 49/214 қарары бойынша қабылданған бұл мерекені біздің елімізде ешкім ерекше атап өтпейді. Оған негіз де бар. Өйткені, Қазақстанда мемлекет құраушы ұлт біреу. Ол – қазақ ұлты. Елдегі өзге ұлыс өкілдері мемлекеттің байырғы тұрғыны емес. Олардың бірі патшалық Ресейдің қазақ жерін отарлау саясатына келсе, енді бірі Кеңес Одағы дәуіріндегі күштеп қоныс аудару кезінде, одан кейінгілері «тың және тыңайған жерлерді игеру», «өнеркәсіпті өркендету» ұрандарымен келгендер. Сондықтан да, елдің Ата Заңы: «Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып, өзімізді еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшіл азаматтық қоғам деп ұғына отырып, дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілей отырып, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілігімізді сезіне отырып, өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып, осы Конституцияны қабылдаймыз» деген сөзбен басталды. Өкінішке қарай сонау сақ, үйсін, түркі дәуірлерінен бастап, Қазақ хандығы мен оның бүгінгі мирасқоры саналатын Қазақстан мемлекетінің негізін құраушы ең байырғы халықтың елі мен жерін құрметтеп, тілін меңгеруде өзге ұлыс өкілдері арасында өзінің азаматтық парызын сезінбей, оны орындауға немқұрайлы қарап жүргендер әлі жеткілікті. Олардың бұл әрекетін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жыл басында жариядланған «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» деген мақаласында: «Биыл қастерлі Тәуелсіздігімізге 30 жыл толады. Бұл – қайта жаңғырған қазақ мемлекеттігінің, ата-бабаларымыз аңсаған азаттықтың тұғыры нығая түскенін әйгілейтін маңызды белес.

Егемендігіміздің мәңгілік үштағаны – Алтайдан Атырауға, Алатаудан Арқаға дейін кең көсілген байтақ жеріміз, ананың ақ сүтімен бойымызға дарыған қастерлі тіліміз және барлық қиындықтардан халқымызды сүріндірмей алып келе жатқан береке-бірлігіміз. Біз осы үш құндылықты көздің қарашығындай сақтаймыз. Бабалардан мұра болған қасиетті жеріміз – ең басты байлығымыз. Қазаққа осынау ұлан-ғайыр аумақты сырттан ешкім сыйға тартқан жоқ. Бүгінгі тарихымыз 1991 жылмен немесе 1936 жылмен өлшенбейді. Халқымыз Қазақ хандығы кезінде де, одан арғы Алтын Орда, Түрік қағанаты, Ғұн, Сақ дәуірінде де осы жерде өмір сүрген, өсіп-өнген. Қысқаша айтқанда, ұлттық тарихымыздың терең тамырлары көне заманның өзегінде жатыр. Жалпы, тарихпен саясаткерлер емес, тарихшылар айналысуы керек» деп халықты адастырушыларды сынға алған болатын. Сондай-ақ, мемлекеттік тіл – еліміздің басты нышандарының бірі екенін, ниеттің дұрыс болуы қазақ тілін меңгергісі келетін адамдарға да, осы мақсатқа жетуге жағдай жасайтын Үкіметке де байланысты екенін еске салды.

– Мемлекеттік тілді білу – Қазақстанның әрбір азаматының парызы. Міндеті деп те айтуға болады, – деген ҚР Президентінің сөзі түйсігіне жетіп, ниетін түзеген жан болса талабына нұр жаусын дейміз. Алайда, биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот органдарындағы жағдай анау айтқандай өзгере қоймағанын бәріміз көріп, естіп, біліп отырмыз. Сондықтан БҰҰ-ның өзі 1990 жылы 1993 жылды Әлемнің байырғы халықтарының халықаралық жылы, 2004 жылды Әлемнің байырғы халықтарының халықаралық екінші онжылдығы, ал 2019 жылды Халықаралық байырғы тілдер жылы деп жариялап жатқан кезде халықтың 30-35 пайызын құрайтын өзге этнос өкілдерінің Қазақстанның байырғы халқы ғана емес, мемлекет құраушы титулды ұлт саналатын қазақтың ана тілін меңгеруде жайбасарлықтан арыла алмай отырғанын ақтауға ешбір негіз жоқ. Егер оқырманның есінде болса осыдан бірнеше жыл бұрын белгілі публицист, мәдениет және қоғам қайраткері Марат Тоқашбаев: «Қазақстанда байырғы жалғыз тұрғын халық ол – қазақтар. Сондықтан Қазақстанда 9 тамызды Қазақтар күні деп атап өтуге әбден болады. 2007 жылы 23 қыркүйекте БҰҰ «Байырғы тұрғындардың құқықтары туралы декларация» қабылдады. Бұл халықаралық құжат бойынша байырғы халықтар өзін-өзі билеуі құқығын баянды ете отырып және осы құқықтың негізінде өзінің саяси мәртебесін өз бетімен еркін айқындауына болады», – деп қоғамдық пікірге қозғау салуға тырысқан еді. Одан да еш нәтиже болмады. Саясаттанушы Расул Жұмалының пайымдауынша, бірқатар елдерде байырғы халыққа құқықтық мәртебе беру тәжірибесі бұрыннан орныққан нәрсе. Конституция бойынша барлық азаматтардың құқықтары бірдей, оған кепілдік берген. Десе де, басқа отаны жоқ болатын болса, басқа жерде өзінің төл мәдениетін, тілін дамытуға мүмкіндік болмайтын халықтар үшін ондай мүмкіндік туғызған дұрыс. Оған құқықтық негіз де бар. Жақында осыған ұқсас заңды Украина қабылдаған болатын. Мемлекет құраушы, титулды ұлт ретінде байырғы халықтың рухани, мәдени, тарихи мүмкіндіктеріне басымдық берілуі қай тұрғыдан қарағанда да негізді.

Осындай жағдайдан кейін әйгілі Алаш қайраткері Әлихан Бөкейхановтың: «Әр ұрпақ өзіне артылған жүкті жетер жеріне апарып тастағаны дұрыс, әйтпегенде болашақ ұрпағымызға аса көп жүк қалдырып кетеміз. Кейінгі ұрпаққа не алғыс, не қарғыс беретін алдымызда зор шарттар бар» деген сөзі еріксіз еске түседі. Егер тәуелсіздіктің алғашқы отыз жылдығында Қазақстандағы қазақтың үлесі 40-тан 70 пайызға дейін өскенін ғана жетістік санап, мемлекеттіктің бір нышаны саналатын және елді ұйыстырушы мемлекеттік тілдің рөлін күшейтуді кейінге шегере берсек жыл өткен сайын ұтқанымыздан, ұтылғанымыз еселене беретіні анық. Мәселен, БҰҰ Бас ассамблеясының 74-сессиясында 2019 жылғы Халықаралық байырғы тілдер жылының қорытындысын жариялаған кезде төраға Тиджани Мұхаммед-Банде әлемде байырғы халықтардың 4 мыңға жуық тілі барын, кейбірінде бірнеше адам ғана сөйлейтінін айтқан болатын. «Әр екі аптада кем дегенде бір байырғы ұлттың тілі жоғалады. Қазіргі күні байырғы халықтардың тілінде әлем халқының 6%-ы ғана сөйлейді» деген Тиджани Мұхаммед-Банде барлық халықаралық ұйымдарды тілді сақтау шараларын күшейтуге шақырған еді. Одан біздің еліміз қандай сабақ алғанын енді алдағы өмірдің өзі көрсетеді.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

БАЙҚАУҒА ҚАТЫСЫҢЫЗ!

Әр байқаудың мақсаты, межесі бар. Қазіргі шырқалып жүрген патриоттық әннің, алдаспан жырдың, көркем шығарманың біразы сол байқауларда дүниеге келген.

Байқау – ой қозғаушы, шабытты қамшылаушы. Сондықтан мұндай шығармашылық додаларды өткізіп, сынақты түрлендіріп, жандандырып отырудың маңызы зор. Биылғы детектив шығармалар байқауының да шартына біраз өзгеріс енгізуіміздің себебі осы.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына тұспа-тұс келген байқау жүлдегерлерін бұл жолы қасиетті Түркістанда анықтамақпыз. Соған орай түркістандық судьялардың еңбегін шығармаларға өзек етсек, деректі детективті дамытуға қадам жасасақ дегенбіз. Байқаудың өн бойына қан жүгіртсек әрі осы өңірдің шытырман шығарма шеберлерін ынталандырсақ деген де ойымыз болды.

Мұндай қадамға баруымыздың тағы бір себебі:

Біріншіден, кейбір үміткерлер бұрын жазған дүниелерін қайталап жібереді. Тіпті, биыл жүлде алмаған шығармасын келесі жылы бәйгеге қайта қосқандар да болды.

Екіншіден, қырық жыл бұрын жазған кітабынан үзінді ұсынғандарды да көрдік.

Үшіншіден, біреудің шығармасын сәл өзгертіп жолдағандар да бар.

Ал мына шарт – байқауға жаңа туындылар жаздыруға таптырмас мүмкіндік. Әрі ол үшін арнайы жүлде де қарастырылған. Сондықтан, қаламдарыңызды сайлап, шабыттарыңызды шақыра беріңіздер!

Ескерте кетейік, БҰЛ БАСҚА ШЫҒАРМАЛАР БАЙҚАУҒА ҚАБЫЛДАНБАЙДЫ ДЕГЕН СӨЗ ЕМЕС!!!

Біздің байқау үшін жазылған, ең мықты, ең шебер, ең көркем шығарма иесі – ЖҮЛДЕГЕР болады!

Шығармаларыңызды «Байқауға!» деген белгімен zangazet@mail.ru поштасына жолдаңыздар.

3. «Шығысэнерго» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (Атқарушы органның орналасқан жері: ҚР, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Қазақстан көшесі, 81/2) өз қатысушыларын Серіктестіктің атқарушы органының шешіміне сәйкес 2021 жылы 14 қыркүйекте сағ.11.00-де Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Қазақстан көшесі, 81/2 мекенжайы бойынша «Шығысэнерго» ЖШС қатысушыларының кезектен тыс Жалпы жиналысы өтетіні туралы хабарлайды.

Қатысушыларды тіркеу 2021 жылғы 14 қыркүйекте аталған мекенжай бойынша 9 сағат 30 минуттан 10 сағат 45 минутқа дейін жүзеге асырылады.

Жиналысқа қатысуға құқықтары бар қатысушылардың тізімі 2021 жылғы 13 қыркүйектегі жағдайы бойынша жасалады.

Күн тәртібіне келесі мәселелер енгізілген:

«Шығысэнерго» ЖШС жарғылық капиталын өсіру туралы.

Бірінші жиналыста кворум болмаған жағдайда жиналысты қайта өткізу күні – 2021 жылғы 22 қыркүйек.

Серіктестік қатысушылары Жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері жөніндегі ақпаратпен (материалдармен) «Шығысэнерго» ЖШС Атқарушы органының орналасқан жері бойынша танысуға болады.

ӘРТҮРЛІ

2. НАЗАР аудару!

2021 жылғы 6 тамызда № 62 (3561) «Заң газетіне» жарияланған жер учаскесін жекеменшік құқығына немесе жер учаскесін жалдау құқығын сату бойынша сауда-саттық (аукцион) өткізу күні «2021 жылдың 1 қыркүйегіне» ауыстырылды.

Соңымен қатар лот № 13 участкесінің алаңы, «Жер учаскесінің алаңы (гектар) – 1,0;» деп оқылсын.

Анықтама телефоны 8 (716 32) 21-1-87, 21-9-91.

18. Ақтөбе облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2021 жылғы 6 тамыздағы ұйғарымымен «Имущественный комплекс Дворец Спорта «Коныс» ЖШС-не (БСН 060340012629) қатысты оңалту рәсімдерін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды.

ЖОҒАЛТУ

14. «Альянс Полис» Сақтандыру Компаниясы» АҚ БСН 93084000007152, 21.08.2007 жылғы бағалы қағаздардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, 21.08.2007 жылғы акциялар шығарылымының проспетісі және өзгертулері 11.08.2008, 19.03.2009, 13.05.2009, 22.12.2009, 24.02.2010, 20.09.2010, 20.01.2011, 02.03.2011, 23.05.2011, 05.07.2011, 20.02.2012, 19.03.2012, 16.05.2012, 01.10.2012, 24.10.2012, 08.11.2012, 13.11.2012, 23.11.2012, 10.12.2012, 07.10.2013, 27.11.2014 жылғы акциялар шығарылымының жоғалғанын хабарлайды. Жарамсыз деп есептеуді сұраймыз.

15. «Экспо-Дизайн» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 000440002941, өз кредиторларын және мүдделі тұлғаларға жарғылық капиталды азайту туралы хабардар етеді. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде мына мекен-жай бойынша қабылданады: 050057, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Бостандық ауданы, Тимирязев көшесі,42, байланыс телефоны 8 (727) 274-25-58.

ТАРАТУ

4. «Жылысу-Сапа» ауылшаруашылық өндірістік кооперативі, БСН 200440005363, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Жылысу с/о, Жылысу ауылы, Ақ жол көшесі, 18-құрылыс. Тел.: 87773609889.

5. «GarantLab» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ұйымы, БСН 200240029185 (Алматы қ., Жұмалиев к -сі, 86) өзінің таратылғанын хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Алматы қ., Төле би к.155А, 3 қабат. Кабинет 308. Телефон: 87017533456

6. «Garant Solution» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ұйымы, БСН 191140030639 (Алматы қ., Жұмалиев к -сі, 86) өзінің таратылғанын хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Алматы қ., Төле би к.155А, 3 қабат. Кабинет 308. Телефон: 87017533456

7. «Комек Гарант» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ұйымы, БСН 190840007845 (Алматы қ., Жұмалиев к -сі, 86) өзінің таратылғанын хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Алматы қ., Төле би к.155А, 3 қабат. Кабинет 308. Телефон: 87017533456

8. «NLS KAZAKHSTAN» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Петропавл қаласындағы филиалы», БСН 100941010957 (индекс 150000, Қазақстан, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Театральная көшесі, 42А үй, 9-кеңсе бөлмесі) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 050000, ҚР, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 95 үй, н.п.115. Тел.: 8(727)3397777.

9. «КредитСмарт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ұйымы, БСН 190140000119 (Алматы қ., Жібек жолы даңғылы, 135, 1-блок, 8-қабат) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Алматы қ., Төле би к.155А, 3 қабат. 308 -кабинет. Телефон: 87017533456

10. «ГарантСмарт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ұйымы, БСН 90140034798 (Алматы қ., Жұмалиев к -сі, 86) өзінің таратылғанын хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Алматы қ., Төле би к.155А, 3 қабат. Кабинет 308. Телефон: 87017533456

11. «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ «Ақжар ауданының білім бөлімі» КММ «Тұғыржап бастауыш мектебі» КММ, БСН 030740006752 (Қазақстан, Солтүстік Қазақстан облысы, Ақжар ауданы, Талшық селолық округі, Тұғыржап ауылы, Новая көшесі, 5 үй) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Солтүстік Қазақстан облысы, Ақжар ауданы, Талшық ауылы, Целинная көшесі, 13А. Тел.: 8(71546)21608, 8(71546)21622.

12. «NLS KAZAKHSTAN» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің» NLS Kazakhstan-Костанай» филиалы», БСН 110941021141, (индекс 110000, Қазақстан, Қостанай облысы, Қостанай қаласы, 1 май көшесі, 90/2 үй, 307-кеңсе) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 050000, ҚР, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 95 үй, н.п.115. Тел.: 8(727)3397777.

МҰРАГЕРЛІК

13. 20.05.2021 ж.қайтыс болған Демеуов Ануар Сериковичтің атына мұрагерлік іс ашылуына байланысты, мұрагерлерін Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Мырзакент кенті, С.Қожанов көшесі № 31 құрылым, нотариус Кобегенова Гульмира Крымовнаға хабарласуын сұраймыз. Тел. 87781000934

16. 31.01.2009 ж. қайтыс болған аз. Ідірісов Ахаттың артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері Қорғалжын ауылы, Болғанбаев көшесі, 14, «Қазпошта» ғимараты, 2-қабат мекенжайы бойынша нотариус Н.С. Мәмбетбаевқа келулері тиіс. Тел.: 87751759111.

17. 25.05.2021 ж. қаза болған мұра қалдырушы Жаркимбаева Нурсауленің мүліктеріне мұралық іс ашылды. Мұрагерлер Алматы қаласының нотариусы Т.И. Рахимге хабарлассын: Алматы қаласы, Ашимов к-сі, 13А үй. Тел.87017655074

Қазақстан Республикасы Судьялар одағының Орталық кеңесі Алматы облыстық сотының төрағасы Еліс Әбдіқадыровке әкесі
Баян Рысмендіұлының
мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады

Алматы қалалық сотының басшылығы, Соттар әкімшісі мен Судьялар одағының Алматы қалалық филиалы Алматы қалалық сотының судьясы Бектемирова Людмила Мұратқызына
әкесінің
мезгілсіз қайтыс болуына байланысты ауыр қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қызылорда облыстық соты мен ҚР Судьялар одағының облыстық филиалы және Қызылорда облысы бойынша Соттар әкімшісінің ұжымы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Шығамбаев Әділхады Жұмабайұлына бауыры
Фатима Жұмабайқызының
мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Солтүстік Қазақстан облысы сот жүйесінің судьялары мен ардагерлері Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы Гүлнара Жақсылыққызы Мергеноваға – әкесінің қарындасы
Рауза Тапашқызының
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-29-27,
292-40-89,
факс:
8 (747) 428-26-10

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы,Крупская көшесі,61,кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы,55,Пушкин көшесімен қиылысы,«Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99,8 701 739 27 83,8 705 185 75 73 www.gazetyisaity.kz,e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы,208 кеңсе.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ.,К.Мұхаметханов көшесі,23 «А»,104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701

«GoldKapital» ЖК Нұр-Сұлтан қаласы Абай көшесі,78,105-кеңсе.Тел.: 8 (7172) 52-02-11

ЖК «TRade and service», Алматы қ.,ш/а Жетісу-3,55/133.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

«Айди» ЖШС, Қарағанды қ.,Жамбыл көшесі,11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ.,К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,e-mail:zan-at@mail.ru.

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА),директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі,47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында,Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8,«Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru,Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы,Қазақстан Конституциясы көшесі,28-үй,1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Servise», Тараз қаласы,Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

ТӨРТ ҚЫЗДЫҢ ТРАГЕДИЯСЫ

БАЙҚАУҒА!

(Соңы. Басы өткен санда)

Әуелгі барғанда есікті Бейбіткүл ашқан-тұғын. «Қайрат үйде жоқ» дегесін, сөзге келмей, бұрылып жүре берген. Есікті екінші рет қай уақытта ұрғаны есінде емес. Жанжалдасқан жігіттерден таяқ жеп қалғанын біледі. Іші қазандай қайнағаны содан. Кек алмай қалай тыншиды? Тыншу жоқ қой. Олардың бетін бір қайырса, Қайрат досы қайырар еді. Осы оймен пәтерге алқынып жеткен. Алқынып жетсе де, есін тез жиып, есікті ақырын тықылдатты. «Бұл кім?» деген дауыс шықты іштен.

– Мен, Талғат!

– Қайрат жоқ. Бүгін келмейді!

– Келем деген, ашыңызшы.

Қызыл гүлді халат киген Майра көрінді.

– Бір жерге ұйықтайыншы, а. Қайрат келгесін кетем, – деді жалынғандай.

– Спальныйда диван тұр. Соған барып ұйықта! Тықырлата берме, – деді Майра нағашы ағасының досына кеңшілік жасап.

– Иә, иә, ұйықтаймын. Тықырлата бермеймін, – деді бұл басын шұлғып.

Қыздар жатқан залдың төріндегі екі есік – екі жатын бөлме. Майра нұсқаған сол жақтағысына бұрыла беріп қаз-қатар тізіліп жатқан қыздарға көзін салып өтті. Диванға сұлқ құлаған бойда, көзі ілініп бара жатты да, селк етіп оянып, көзін ашып алды. Бейбіткүлді ойлады. Әдемі қыз. Бұрын қалай байқамаған. Бағана маған қарап жымиды ғой... Орнынан жылдам тұрып, есікке таяу барды. Аяғының ұшымен басып, тықырлатпай жүруге тырысқан, бірақ бір жағына ауып кетіп, қабырғаны сүзіп өтті. Құлағын төсеп, тың тыңдады. Тым-тырыс. Бәрі ұйқыда.

«Оянып кетсе су ішуге бара жатырмын дей салам» деп ойлады. Еппен басып, ас бөлмеге өтті. Су ішті. Су ішіп тұрып есіне Бейбіткүлді алды. Төсегі төрде екені есінде. «Жанына барып жата тұрайын». Есіл-дертін шырмап алған осы ой шыдатпай оны Бейбіткүлге қарай итермелей берген. Кухняға көше жарығы өлімсіреп жетіп тұр. Қыздар жатқан бөлме қараңғы. Ас бөлмеден қолына пышақ ұстай шықты. Неге алды? Білмейді. Мастығы тарқамаған. Қабырғаны сүйкеп Бейбіткүлге жетті. Жанына қисайып, аз-кем тың-тыңдады. Дем алысы білінбейді. Қызық. Қыздар қалай тым-тырыс ұйықтайды, а? Жантайып жатқан күйі көрпе астына сұққан қолы Бейбіткүлдің бұлтиған кеудесін тапты. Ерніне ерні тақалғанда, ып-ыстық демі бетін шарпыды. Былдырлап әлдене дейтіндей. Сөзі анық емес. Түсінбеді. Сірә, жанына жағып жатыр-ау. Бөксесіне аяғын артып, кеудесіне қарай өрмеледі. Сол сәт қыз селк етіп оянып кетіп, бұлқынып берсін. Айқайлауға үлгертпей, кеудесіне мініп алып, аузын алақанымен жаба қойды. Тыныштала ма деп еді, анау қоятын емес, «жат тыныш... өлтірем» деді құлағына сыбырлап. Сол қолы қыздың аузында, екінші қолындағы пышақты алқымына батыра тіреді. Қыз болса, босанып кеткісі келіп, басын шайқай берді. Сол сәт есік жақтан «Әй, не істеп жатсың?» деген ащы айқай шаңқ етіп оқыс шықсын. Осы айқай тұла бойындағы долы мінезін оятып жіберіп, еңсесін тіктеп алды. Өзіне қарай қабыланша атылған қарайғанға жан дәрменімен пышақты сілтеп қалды. Қара қабылан ах деп, бір дыбыс шығарып жығылып түсті. Тақымының астында бұлқынып жатқан тазы боп сезілгені. Тұншыға қыңсылап, шеңгелін салып аяусыз тырналап жатыр. Босап кетсе талап тастары анық. Жанталасып басынан ұра беріпті, ұра беріпті. Ол қимылсыз қалып еді, жанына қарауытқан әлдене жақын кеп қалғанын байқады. Жағасынан ала кетіп, баспен соқты. Өзінің де көзінен ұшқын төгіліп, шөгіп отыра кеткен екен, дәл жанынан шыңғырған тосын дауыстан шайтаны шошынып, басы шыр көбелек айналды. Бір бүйірге қисайып құлап бара жатып қолына былқ етіп, әлдене ілікті. Соны ала салып, шыңғырып жатқан түсініксіз мақұлықтың үстіне жығыла кетті. Оның қалжасы шағын көрінді, бірер әлсіз бұлқынып барып тыншыды. Одан арғысы бұлыңғыр.

***

Бір мезгілде есін жиса, бет-аузы дуылдап ашып барады. Оң қолының алақаны да шым-шым сыздайды. Өзінің қайда жатқанын білмей, біраурық аңтарылып, түкті де түсінбей отырып қалды. Басы істеп тұрған жоқ. Жан-жағына үңіліп қараса, мәссаған... шошып кетті. Қайраттың үйі! Сипалап жүріп түймені тапты да, сырт еткізіп еді, жарық жанбады. Қалтасында газды шақпақ бары есіне түсіп шақпақтың жыланкөз фонарын жағып кеп қалғанда Бейбіткүлдің қан-қан болған бетін көрді. Көзі аларып қатып қалыпты. Сасқалақтап, айналдыра түсірген жарығы әр қыздың жүзіне бір-бір аялдады. Көкірегі суынып бара жатты. Өліп қалған. Төртеуі де. Өзінің де үсті-басы қан-қан. Төбе шашы тік тұрды. Зәресі ұшып, жүрегі қалтырап кетті. «Қайрат өлтіреді! Турап тастайды!» Басына алғаш келгені осы ой. Арақ ішсе есінен танып қалатыны бұл бір емес, талай болған. Талай рет төбелес шығарған, талай рет өзі де өліп қала жаздаған. Ақыры мынау...

Қайтерін білмей, ақылы алжасып, отырып қалыпты. Таң жақын қалғаны терезеден түскен сәуледен аңғарып, бұл арадан қарасын тезірек батыру керегін ұққан.

***

Мүсірепханұлының қаны мен бет терісінен үлгі алып Төлегенұлының Алматыға аттанғаны алғашқы тергеуден кейін. Бұның алдында оның жақын-жуығын, көрші-көлемін, бірге жүрген дос-жарандарын, мектепте сабақ берген мұғалімдерін, бірге оқыған кластастарын сұраққа тартып, оның әлеуметтік, мінез-құлық портретін жасаған-тұған. Сонда білгені, бұған жастай таңылған лақап ат – Деспот. Мысық-күшіктің мойнын бұрап, қан қақсататын қылығына бола солай атапты. Төбелестен қайтпайды. Кекшіл. Мектепті орташа үлгеріммен аяқтаған. Ұрлық жасап, алты ай түрмеде отырған. Әкесіз өскен. Шешесі мұғалім. Отбасында өзінен төрт жас үлкен әпкесі ғана бар.

Шешесімен де сөйлесті. Ол алғашында ұлына шаң жуытпап еді. Кейін мінезі тентек екенін мойындады. Бірақ, төрт қызды өлтірді дегенге еш сене алмайды. Өйткені, ол әулетпен қарым-қатынасы жақсы, қыздардың нағашы ағасы Қайратпен дос.

– Мүмкін емес... өз бауыры сияқты ғой бұл қыздар, – деді анасы дес бермей. Әпкесі Әсия да илана алмайды. Оның да алға тартатыны мамасы айтқан уәж. Тергеуге Бақыт Қайыркешқызы да қатысып отырған. Ол:

– Талғат мойнындағы алтын алқаны қашаннан бері тағатын еді? – деп сұрады. Осы сұрақты қалай қоюды алдын ала қатты ойланған. Өйткені «Ұлыңызда алтын алқа бар ма еді?» деп шешесінен сұрағанда, «жоқ» деген жауап алған. «Қап, – деп сонда қатты өкінген-ді. – Тәжірибелі тергеуші де солай сұрай ма екен? Жоқ деген жауапты тілеп тұрған сұрақты қоймау керегін білмейтін шөже тергеуші ме ем! Әттеген-ай!» Осылай деп өзіне-өзі кейіген. Енді әпкесі де «онда алтын алқа болған жоқ» дей ме деп, іштей қылпылдап-ақ отыр.

– Туған күніне жездесі екеуміз сыйлап едік, – деді Әсия бөгелмей.

– И-йи, айналайын-ай, қыз деген осы ғой, туған бауырды ойлап жүретін, – деді Бақыт Қайыркешқызы өзін жайбарақат ұстауға тырысып. Әйтсе де жүрегі жарылардай қуанып бара жатты. Әсияның алдына дайындап әкелген төрт алтын алқаны қойды. – Мыналардың қайсысы Талғаттікі?

Әсия көп ойланбай, үзілген жіңішке алқаны көрсетті.

***

Сот-биологиялық сараптамаға тапсырылған алқаға сіңген термай бөліністерінің Мүсірепханұлына тән екені анықталды. Бұл айыпталушының сол үйде болғанының дәлелі. Оны өзі де мойындады. Үйден шыққан соң дария жаққа барған. Ал киімін қайда тастағанын айта алмайды. Сол арасы есінде емес. Білмейді. Күмәнданайын десе, бұдан басқасының бәрін өз аузымен айтып отыр. Ал өңгесін білгенде осы жерін ұмытып қалғаны қалай? Мүмкін емес. Әйтеуір күндердің бір күнінде айтатын сияқты. Тергеуші Бақытханның ішкі түйсігі солай дейді. Кезекті тергеуді сеніммен бастағаны содан. «Мұғалімдерің сені мақтап жатыр» деді әңгіме ауанын жайма шуақ бастап. Бос әңгіме тәрізді, әрине. Осы бос әңгіменің кейде құпия ақпаратқа алып баратын кезі болады. Кеше махаббат құрып жүрген медбике қызың мақтаған: «Әдемі, қылықты қыз екен. Жұріс-тұрысы ұнады» деп. Мұндай әңгіме айыпкер жігіттің жүрек қылын қозғайтыны анық. Айдан астам тас қапаста отырған адамға еркін өмірдің әңгімесі қалай әсер етеді десеңші.

– Айтпақшы, сен сол күні дария жаққа бардым дедің. Есіңе түсірші, киіміңді қайда шешіп тастадың? – деп енді Бақытхан негізгі тақырыпқа ойыса бастады. Бір ай бойы айтқыза алмай келе жатқан жалғыз сұрақ осы.

Адам деген қара тас емес, ет пен сүйектен жаралған тірі жан. Оған бәрі әсер етеді. Әсіресе, еркіндігі шектелгенде жүйкесі жүндей түтіледі. Бір сұрақты әңгіме арасында ұмыттырып барып әлденеше мәрте қойғанда оған берілген жауаптар әртүрлі болса, онда айыпкер шындықты жасырып отырғаны. Бір өтірігін ұмытып, екінші бір өтірікке көшкені. Адамның басында шындық қана тұрақтай алады. Өтіріктің табаны қашан да тайғанақ. Осы қағидаға сүйенсе, Мүсірепханұлының анық айта алмай отырғанының жаны бар сияқты. Егер олай болса, жадын жаңғырту қажет.

Бірақ қалай? Бұл енді кез келген тергеушінің қолынан келе бермейді. Айыпталушыны қылмыс жасаған кездегі психологиялық қалпына жеткізе алса, біраз нәрсе есіне түсуі тиіс. Ол үшін ұйықтатпай шаршатса, жүйкесін шиыршық аттырса, бір нәтижеге жетуі мүмкін.

Түнгі сағат төрт болып қалған екен. Өзі де, айыпкер де қалжырады.

– Саған мыналар шәй берді ме бүгін? – деп қамқорси тіл қатты. – Жігіттер, шәй беріндерші, шөлдедік.

Абақты қызметкерлерін жұмсап алды.

– Күні бойы жұмыс... кешкі асымды іше сала саған келдім. Ертең тағы қағаз қарауым керек. Есіңе түсіруге тырыссай. Жарайды, мә шәйіңді ішіп ал.

Мүсірепханұлы тіл қатпады. Алайып бір қарады да, қолын күрешкіге созды.

– Сен сол күні жеті жүз грамм арақ ішкенсің, таңертең басың ауырған шығар, ә? – деді тергеуші алыстан орағытып.

– Ауырды. Басым да, ішім де ауырды, – деді ол.

– Ішіңе соққы тиіп пе еді?

– Жоқ, ішім өтті. Самопал жақпады-ау.

– Сол пәтердің дәретханасына шықтың ба? – деді тергеуші еленДей қалып. Унитазды сот-биологиялық сараптамаға тапсырса деген ой келді басына. «Пәтер жабық. Адам жоқ. Жуылып кете қоймаған шығар».

– Жоқ, даладағы… жер туалетке бардым.

– Қай жердегі?

– Білмеймін. Әйтеуір туалет.

Бақытхан Төлегенұлы әңгімені аяқтап, тысқа шықса, таң хабары білініп, шығыс жақ бозара бастапты. Дария беттен мешіт мұнарасы ағаңдап көзге шалынды. Бұл бағыт кіл бес қабатты үй, дәретхана болуы мүмкін емес.

– Кеше шаршап, ұйқым кеп отырып дұрыс тыңдамаппын. Сонда не дедің, ішім ауырғасын бір туалетке бардым деп едің ғой. Қай жерде ол? – деді тергеуші Төлегенұлы келесі күнгі тергеу соңында. Қан болған киімдерін сонда тастады ма екен деп ойлап.

– Ол... ол...

– Сен адамды адастырып, жынды ғып тұрсың? Этаж үйлердің арасында қайдағы туалет?

– Бір көшеден өттім. Алдымда бір үй тұрды. Қорасы бар. Со жерде.

Тысқа шықты. Дала ағарып қалған. Маңайы анық көрінеді. Міне қылмыс болған үй. Көшеден өтсе мұғалімдердің білім жетілдіру институты. Дуалмен қоршаған. Қораның бұрышы үңірейіп құлап қалған, жаяу соқпақ үстімен өтеді. Соқпақ бойымен институт үйін айналғанда тал арасынан қарауытып ағаш дәретхана көрінді. Жүрегі лүпілдеп, аузына тығылды. Сол... сол шығар?! Аяғын жедел басып жетті. Титімдей фонарын жағып, төменге жарық түсірді де, қалт тұрып қалды. Көзі бұлдырап кетті ме немене... үңіліп қайта қарады... рас... сол. Соның дәл өзі! Ораулы жатқан үлкен сүлгі. Көк түсті киімнің шеті көрінеді. Сынған пышақтың сабы сусып шығып қалған. Міне, саған вещдок! Қуанышы қойнына сыймай, көзінен жас ыршып кетті. Басқарма ғимаратына қарай тұра жүгірсін. Жас парлаған көзін жеңімен әлсін-әлсін сүртеді. Екі айға жуықтап қалды, осы іс жатса-тұрса ойынан кетпегелі. Іс қағаздары том-том болып қалыңдап барады. Бітпейтіндей, өмірі ашылмайтындай көрінген. Жүйкесі қанша жұқарды. Алматыға қанша қатынады.

Кабинетке келе сала табылған заттарды алу қағазын толтыра бастап еді, есік шалқасынан ашылып, біреу кіріп келді. Мүсірепханұлының шешесі! Түрі өрт сөндіргендей. Соңынан қуып келгені көрініп тұр.

– Айналайын, өтінем… аяғыңа жығылайын... – деді алқынып. Көзінде жас. Басына салған орамалы желкесіне қарай ысырылып кеткен, шашы қобырап тұр. Екі қолын алға созып, кемсең-кемсең етеді.

– Апай...

– Анамын ғой... сенің де анаң бар шығар, түсінші айналайын... жаңа көргеніңді көрдім демеші... түрмеде жатса да тірі жүрсін... онсыз да жиырма жылға кетіп тұр ғой... ah, жүрегім... түнімен ұйықтай алмай... таң ата көшеге шығып ем... өзіңді көрдім... артыңнан барсам... айналайын, құлың болайын, көрдім демеші... көрдім десең атып тастайды ұлымды... анасымын ғой мен… атып тастаса, қалай өмір сүрем, қалай жер басып жүрем...

Бақытхан солқылдап жылап жіберген әйелге не дерін білмей, қолтығынан демей беріпті.

***

1998 жылғы шілденің 6-сында осы іс бойынша Қызылорда облыстық соты Қазақстан Республикасы атынан үкімін жариялады. Сотталушы 1975 жылы туған Талғат Мүсірепханұлы Қылмыстық кодекстің бірнешел бабы бойынша кінәлі деп табылып, өлім жазасына кесілді.

Әмірбек ШАЙМАҒАМБЕТОВ,
полиция полковнигі
ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Жанахмет АҒЫБАЕВ
Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Жамбыл облысы	Арсен Саттаров 8 705 808 14 31.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сабырбек Олжабай 8 701 385 72 75. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Шығыс Қазақстан облысы	Талғатжан Мұхамадиев 8 747 746 49 82.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43; 292-79-61

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 8019 дана
Апталық таралым 16 038 дана

Тапсырыс №115 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31